



# **ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

**ПӘН: МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ  
ЖӘНЕ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ ГЕНЕТИКА**

**МАМАНДЫҒЫ - ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА**

**КАФЕДРА: МОЛЕКУЛАЛЫҚ  
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА**

**КУРС: 1**

**АЛМАТЫ  
2013-2014 ОҚУ ЖЫЛЫ**



## МАЗМҰНЫ

1. СИЛЛАБУС ..... 3-22
2. ДӘРІСТІК КЕШЕН..... 23-63
3. ПРАКТИКАЛЫҚ (СЕМИНАРЛЫҚ)  
САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК  
НҰСҚАУЛАР.....64-163
4. ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН  
ОРЫНДАЙТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА  
АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК  
НҰСҚАУЛАР.....129-221
5. СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК  
ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК  
ЖҰМЫСТАР.....221-302
6. БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ЖОЛДАРЫ .....302-307



## СИЛЛАБУС

Молекулалық биология және медициналық генетика бойынша МВМС 1201

мамандығы 5В130100 - жалпы медицина

### Молекулалық биология және генетика кафедрасы

Курс бірінші

Семестр бірінші, екінші

Дәрістер –5 сағ.

Практикалық (семинарлық) сабақтар – 40 сағат

Барлық аудиторлық – 45 сағат (1 кредит)

Аудиториядан тыс студенттердің оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (СОЖӨЖ) \_\_45\_\_ сағат (1 кредит)

Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) – 45 сағат (1 кредит)

Барлық аудиториядан тыс – 90 сағат (2 кредит)

Бақылау формасы – емтихан



Алматы, 2013

Проф., м.ғ.д. Е.Ө.Қуандықов және доцент С.Қ.Әлмұхамбетова силлабусты жұмыс бағдарламасына сәйкес құрастырды, кафедра отырысында талқыланып бекітілді, «04» маусым 2013 ж., хаттама № 17.

Кафедра меңгерушісі, профессор

Е.Ө.Қуандықов



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

**1.1 Жалпы мәліметтер:**

**1.2 Жоғары оқу орнының аты:** С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

*Молекулалық биология және генетика кафедрасы*

**1.3 Пән:** “Молекулалық биология және медициналық генетика”, пәннің коды MBMG 1201

**1.4 Мамандық** 5B130100 – Жалпы медицина

**1.5 Оқу сағаттарының көлемі** – 135 сағат (3 кредит)

**1.6 Курс және оқыту семестрі** – бірінші курс, бірінші, екінші семестрлер

**1.7 Оқытушылар туралы мәліметтер:**

№	Аты жөні	Ғылыми дәрежесі	Қызметі	Приоритетті ғылыми бағыттары, жетістіктері	Қызметкерлердің e. mail -ы
1	Қуандықов Есенгелді Өсербайұлы	Медицина ғылымының докторы	профессор, кафедра меңгерушісі	генетика	Kuandykov@inbox.ru
2	Әлмұхамбетова Светлана Қадырқызы	Биология ғылымының кандидаты	доцент	паразитология	almuhambet.s@gmail.com
3	Нұртаева Құрманкүл Салиқызы	Медицина ғылымының кандидаты	доцент	паразитология	salyeva1945@mail.ru
4	Жұмашева Рахима Тажибайқызы	Биология ғылымының кандидаты	доцент	радиобиология	Jumasheva.r@gmail.com
5	Нұралиева Ұлмира Әуезханқызы	Медицина ғылымының кандидаты	доцент	генетика, радиобиология	nua.ulmira@mail.ru
6	Тарақова Құралай Ақылбайқызы		аға оқытушы		-
7	Нүрпеисова Индира Көбетайқызы		оқытушы		-
8	Қыдырбаева Асем Қияшқызы		оқытушы		asem.kydyrbaeva@mail.ru
9	Танеева Гүлжан Түленбекқызы		оқытушы		gulzhan_taneeva@mail.ru
10	Жұмағұл Мөлдір Жақыпжанқызы		оқытушы		Zhmoldir_kz@mail.ru
11	Жүзжан Құралай Ермакқызы		оқытушы		
12	Қашағанова Жазира Абайқызы		оқытушы		abaikyzy_zh@mail.ru



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

13	Қақышова Гүлзада Тұрсынбекқызы		оқытушы		-
----	--------------------------------------	--	---------	--	---

### 1.8 Байланыс ақпараты:

Алматы қаласы, Масанчи көшесі 38, оқу корпусы № 7, 4 қабат.

Жұмыс тел: 292-64-23 (216 – ішкі)

E-mail: molbiology@mail.ru

Аудиториялық ғимаратты жөндеу жұмысына байланысты уақытша мекен-жайы: Мәуленов көшесі 71. Тел: 292-23-61

### 1.9 Пән политикасы:

Молекулалық биология және генетика кафедрасының оқытушылары жоғарғы сапалы білім берудің жауапкершілігін түсінеді және әрбір студентке адамгершілік тұрғыда қарап, студентті объективті түрде бағалауға кепілдік береді.

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың кафедра оқытушылары Ар кодексінің барлық бөлімдерін орындауға кепілдік береді және әрбір студенттің Ар кодексін орындауын талап етеді:

- сабаққа кешікпеу;
  - себепсіз сабақ жібермеу;
  - сабақтарға және дәрістерге студенттер тек ақ халатпен жіберіледі;
  - оқу үрдісіне белсенді қатысу;
  - практикалық сабақтың барлық тапсырмаларын орындау және талапқа сай жазу;
  - жіберілген сабақтарды оқытушы белгілеген уақытта өтеу;
  - СӨЖ бойынша тапсырмаларды жеткілікті деңгейде орындау және көрсетілген өткізу мерзімінде тапсыру;
  - барлық СОЖӨЖ сабақтарына студенттер қатысуға міндетті;
  - барлық СОЖӨЖ сабақтары бағаланбайды, СОЖӨЖ кеңес түрінде өткізіледі;
  - сабаққа қатыспаған студентке – бж қойылады;
- Оқытушы баллды (10-ға дейін) төмендетуге құқылы егер:
- студент 15 минутқа кешіксе;
  - сабаққа халатсыз қатысса;
  - альбомы болмаған жағдайда.

## 2. Бағдарлама:

### 2.1 Кіріспе

Молекулалық биология нуклеин қышқылдары мен белоктардың құрылысы мен қасиеттерін, матрицалық синтезді, генетикалық материалдардың құрылымы мен қызмет атқаруын, сонымен қатар жасушалардың құрылысы мен қызметін оның органеллаларын, жасушалардың өсу, даму, бөліну және өлу процесстерінің молекулалық негіздерін зерттейді.

Медициналық генетика тұқым қуалайтын аурулардың пайда болу себептері мен дамуын, оларды диагностикалау, алдын алу және емдеудің әдістерін зерттейді.

Медициналық жоғарғы оқу орындарында молекулалық биологияны оқытудың интеграциялық бағыты жасушалардың құрылысы мен қызметінің, гендер экспрессиясының реттелуі мен матрицалдық синтездердің, сигнал берудің молекулалық негіздерін түсінуге мүмкіндік береді. Мұның өзі қалыпты тіршілік әрекеттерін және олардың бұзылуына байланысты қалыптасатын ауруларды, соның ішінде гендік және хромосомалық мутациялардың себебінен туындайтын тұқым қуалайтын ауруларды түсініп білудің негізгі базасы- медициналық генетиканы құрайды.

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

Мұндай фундаментальдық даярлық бірінші курстан бастап студенттердің классикалық ойлау қабылетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Молекулалық биология мен медициналық генетиканы оқу барысында тіршілік процестерінің молекулалық және жасушалық құрылымы бұзылуының механизмдерін, патологиялық өзгерістердің қалыптасуы мен көрінуіндегі ролін, сонымен қатар диагностикалау мен алдын алудың негіздерін түсінеді.

Сонымен молекулалық биология және медициналық генетика пәнін оқу арқылы білім алушылар биологиялық химия, гистология, физиология, патологиялық физиология, жалпы иммунология, фармакология, педиатрия, неврология, акушерлік және гинекологияны оқып білу үшін теориялық базаны қалыптастырады.

## 2.2 Пәннің мақсаты:

**Молекулалық биология және генетиканы зерттеу үдерісінде құзыреттілікке бағытталған медициналық білімнің жаңа моделін қолдану, бұл:**

- студенттерде ағза қызметтерінің негізгі молекулалық-генетикалық және жасушалық механизмдері туралы заманауи білімді (когнитивтік құзырлылықты) қалыптастыру
- молекулалық биология мен генетикадан алған білімді клиникалық практикада (практикалық дағдыларды) тиімді қолдану
- коммуникативтік құзыреттіліктің бастапқы деңгейдегі дағдыларына үйрету: басқа адамдармен қарым – қатынас құра білуді, топтастарымен қатынас құруды, сабақтың мақсатына жетуге жағымды атмосфераны қолдау
- ҚР-ының денсаулық сақтау мен фармацевтикадағы нормативтік-құқықтық құжаттарды (құқықтық құзырлылықты) білу
- өзінің портфолиосын жасау арқылы өзін-өзі жетілдіру.

## 2.3 Пәннің міндеттері:

- кеңінен таралған ауруларды нақты диагностикалау, алдын алу және емдеу үшін ағзаның қалыпты және патологиялық жағдайдағы қызметтеріндегі молекулалық-генетикалық және жасушалық механизмдердің ролін түсіндіру;
- теориялық және практикалық медицинада қазіргі молекулалық генетикалық әдістер мен технологиялардың негізгі принциптері жайлы пікір қалыптастыру;
- тұқым қуалайтын ауруларды дер кезінде диагностикалау және алдын алу үшін олардың негізгі белгілерін тани білуге үйрету.
- молекулалық–генетикалық зерттеулердің жетістіктерін медицинада қолданудың этикалық және құқықтық нормалары жайлы түсінік беру.
- ғылыми әдебиеттер мен электрондық базалардың тұқым қуалайтын аурулар бойынша мәліметтерімен жұмыс істеу дағдыландырын үйрету.

## 2.4 Оқытудың түпкі нәтижелері:

**Студент өзінің нақты жетістіктерін көрсетуі қажет– бұл білімдер, ұғымдар, дағдылар, шеберліктер жиынтықтары:**

**- когнитивтік құзырлылықты қалыптастыру - білімдер мен ұстанымдар, басқа да құзырлылықтар:**

- ағза қызметтеріндегі негізгі молекулалық-генетикалық және жасушалық механизмдері, тұқым қуалайтын материалдың молекулалық деңгейдегі (ДНК) құрылымдық-функциялық ұйымдасуы туралы;
- тірі жүйелердегі тұқым қуалайтын ақпараттардың берілу бағыттары мен механизмдері, олардың тірі ағзалардың қалыпты және патологиялық жағдайлардағы қызметтеріндегі ролі мен маңыздары туралы;

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

- тұқым қуалайтын ақпараттың жүзеге асырылуының молекулалық механизмдері туралы;
- тұқым қуалайтын материалдың гендік, хромосомдық және геномдық деңгейлердегі құрылымдық-функциялық ұйымдасуы туралы;
- тұқым қуалайтын өзгергіштіктің пайда болуының себептері мен механизмдері және адамның тұқым қуалайтын аурулары мен дамудағы туа біткен ақаулықтардың қалыптасуындағы олардың ролі туралы;
- гендермен бақыланатын тұқым қуалаушылықты, белгілердің (аурулардың) тұқым қуалау типтерінің, және практикалық дәрігерлер қызметінде аурулардың тұқым қуалау сипатын анықтаудағы олардың қолданылуы туралы;
- организмнің дәрілік препараттарға реакцияларының тұқым қуалаушылықпен анықталатын полиморфизмінің жасушалық механизмдері туралы;
- дәрілік препараттардың синтезделуі мен қолданылуының молекулалық негіздері туралы;
- халықаралық тілдегі молекулалық-биологиялық және генетикалық терминалогиялар туралы;
- тұқым қуалайтын патологиялардың, дамудың туа біткен ақауларының алдын алудың құқықтық аспектеріндегі проблемалар туралы;

**Шеберлік және дағдыларды қалыптастыру – практикалық дағдыларды, коммуникативтік дағдыларды, құқықтық құзырлылықты және өзін-өзі жетілдіру дағдылары :**

- аурулардың пайда болу механизмдерін түсіндіруде молекулалық-генетикалық үдерістер біліктілігін қолдануды;
- адамның кең таралған тұқым қуалайтын негізгі ауруларын анықтауды;
- хромосомалардың түрлі типтері мен адамның қалыпты және патологиялық кариотиптерін ажырата білуді;
- аурудың тұқым қуалайтын сипатын анықтауда генеалогиялық әдісті қолдануды;
- арнайы анықтамалық материалды, молекулалық биологиялық және генетикалық базалар мәліметтерін және т.б. рефераттар, эсселер, тезистер, баяндамалардың презентацияларын даярлауда және аудитория алдында сөйлеу қабілетін жетілдіруде қолдануды;
- когнитивтік (біліктілік), практикалық, коммуникативтік, құқықтық және өзін-өзі жетілдіруді, топтасып, жұмыс істеу және лидерлік дағдыларды, шешендік және ұйымдастырушылық қабілеттілікті игеруді.

## 2.5 Пререквизиттер және постреквизиттер.

**Пререквизиттер:** жалпы биологияның мектептік курсы, органикалық химия, медициналық биофизика.

**Постреквизиттер:** биохимия, гистология, микробиология, қалыпты және патологиялық физиология, фармакология, клиникалық медицинаға кіріспе.

## 2.6 Пәннің қысқаша мазмұны:

Молекулалық биология және медициналық генетиканың міндеті мен мақсаттары, негізгі бағыттары. Молекулалық биология және медициналық генетиканың басқа медико-биологиялық пәндердің арасындағы орны. Тұқым қуалау ақпаратының жүзеге асырылуының молекулалық механизмдері. Тұқым қуалайтын өзгергіштік. Комбинативтік өзгергіштік. Геномды, хромосомалық, гендік мутациялар. Жасушалық цикл және оның реттелуінің молекулалық механизмдері. Генетикалық гомеостаздың бұзылуы және оның адам патологиясында көрініс беруі. Молекулалық-генетикалық зерттеу әдістері және оның медициналық қолданылуы. Электрондық мәліметтер базалары және биомедициналық сайттар. Адамның тұқым қуалайтын



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

ауруларының пайда болуының молекулалық-генетикалық механизмдері. Тұқым қуалайтын аурулардың лабораториялық диагноз қою және алдын алу әдістері. Жеке дамудың генетикалық механизмдері. Популяциялық генетиканың негіздері. Экогенетика негіздері. Фармакогенетик негіздері. Онкогенетика негіздері

2.7 Дәрістер, практикалық сабақтар, СОЖӨЖ және СӨЖ-дің тақырыптық жоспары

Дәрістердің тақырыптық жоспары

№ пп	Бөлім №	Дәрістің тақырыбы	Сағаттар
1	I	<b>Молекулалық биология негіздері</b> Тұқымқуалаушылықтың молекулалық негіздері. Нуклеин қышқылдары. Геннің молекулалық биологиясы	1
2	I	Тұқым қуалау ақпаратының іске асырылуы. Криктің негізгі постулаты. Репликация. Транскрипция. Трансляция	1
3	I	Генетикалық код. Трансляция	1
4	II	<b>Жасушаның молекулалық биологиясы</b> Митоздық цикл. Генетикалық бақылануы, реттелуі. Апоптоз	1
5	II	Онкогенетика. Фармакогенетика	1
		<b>Барлығы:</b>	<b>5</b>

Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспары

Реттік №	Бөлім №	Практикалық сабақтың тақырыбы	Часы
1	I	<b>Жалпы генетика негіздері</b> Тұқым қуалаушылық. Моногенді тұқым қуалау. Тұқым қуалау типтері	1
2	I	Тіркес тұқым қуалау	1
3	I	Геннің әсері. Генотип. Фенотип	1
4	I	Онтогенетикалық дамудың жасушалық механизмі	1
5	I	Дамудың туа біткен ақаулықтары, себептері, жіктелуі, медициналық маңызы	1
6	I	Популяциялық генетика негіздері	1
7	I	Онкогенетика	1
8	I	«Жалпы генетика негіздері» тарау бойынша рубеждік бақылау	1
9	II	<b>Медициналық генетика негіздері</b> Адамның тұқым қуалайтын аурулары, себептері, жіктелуі,	1



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

		медициналық маңызы	
10	II	Адамның моногенді менделдік аурулары	1
11	II	Адамның полигендік (мультифакториалды) аурулары	1
12	II	Адамның тұқым қуалайтын ауруларына диагноз қоюдың қазіргі кездегі әдістері (молекулалы-генетикалық)	1
13	II	Адамның тұқым қуалайтын ауруларын алдын алудың қазіргі кездегі әдістері	1
14	II	Медико-генетикалық кеңес – генетикалық қауіпті анықтауға есептер шығару	1
15	II	«Медициналық генетика негіздері» тарау бойынша аралық бақылау	1
16	III	<b>Молекулалық биология негіздері</b> Тұқымқуалаушылықтың молекулалық негіздері	2
17	III	Тұқым қуалау ақпаратының іске асырылуы. Криктің негізгі постулаты. ДНҚ репликациясы	2
18	III	Прокариот генінің транскрипциясы	2
19	III	Геннің трансляциясы	2
20	III	Прокариоттар гендері экспрессиясының реттелуі	2
21	III	Жасушаның генетикалық аппараты	2
22	III	«Молекулалық биология негіздері» тарау бойынша аралық бақылау	2
23	IV	<b>Жасушаның молекулалық биологиясы</b> Митотикалық цикл	2
24	IV	Митоздық циклдың реттелуінің молекулалық-генетикалық механизмдері	2
25	IV	Тұқым қуалайтын өзгергіштік. Рекомбинанттық өзгергіштік	2
26	IV	Хромосомалық мутация	1
27	IV	ДНҚ репарациясы	1
28	IV	Молекулалық-генетикалық зерттеу әдістері	1
29	IV	Геномика. Гендік инженерия	1
30	IV	«Жасушаның молекулалық биологиясы» тарау бойынша аралық бақылау	1
		<b>Барлығы</b>	<b>40</b>

Студенттердің оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (СОЖӨЖ) бойынша тақырыптық жоспары

Реттік №	Бөлім №	СОЖӨЖ тақырыбы	Сағаттар
1	I	<b>Жалпы генетика негіздері</b> Типтік есептерді шығару	1
2	I	Типтік есептерді шығару	1
3	I	Типтік есептерді шығару	1
4	I	Онтогенетикалық дамудың генетикалық механизмі	1
5	I	Жүрек-қантамыр жүйесі ақаулықтары бойынша кейс әдіс	1



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

6	I	Экогенетика негіздері	1
7	I	Фармакогенетика	1
8	I	«Жалпы генетика негіздері» тарау бойынша аралық бақылау	1
9	II	<b>Медициналық генетика негіздері</b> Адамның хромосомалық аурулары	1
10	II	Адамның моногенді менделдік емес аурулары	1
11	II	Адамның тұқым қуалайтын ауруларына диагноз қоюдың қазіргі кездегі әдістері (цитогенетикалық, клинико-генеалогиялық, биохимиялық)	1
12	II	Адамның тұқым қуалайтын ауруларын емдеудің қазіргі кездегі әдістері	1
13	II	Медико-генетикалық кеңес	1
14	II	«Медициналық генетика негіздері» бөлімі бойынша кеңес беру	1
15	II	«Медициналық генетика негіздері» бөлімі бойынша аралық бақылау	1
16	III	<b>Молекулалық биология негіздері</b> Геннің молекулалық биологиясы	2
17	III	Сызықты ДНҚ молекулысы ұштарының репликацияланбау проблемасы және оның шешімі	2
18	III	Эукариот генінің транскрипциясы	2
19	III	Генетикалық код	2
20	III	Эукариот генінің экспрессиясының реттелуі	2
21	III	Кариотип	2
22	III	«Молекулалық биология негіздері» бөлімі бойынша аралық бақылау	2
23	IV	<b>Жасушаның молекулалық биологиясы</b> Митоз	2
24	IV	Мейоз	2
25	IV	Геномдық мутациялар	2
26	IV	Гендік (нүктелік) мутациялар	2
27	IV	Апоптоз	2
28	IV	Тұқым қуалайтын аурулардың ДНҚ-диагностикасы	2
29	IV	«Жасушаның молекулалық биологиясы» бөлімі бойынша кеңес беру	2
30	IV	«Жасушаның молекулалық биологиясы» бөлімі бойынша аралық бақылау	2
		<b>Барлығы:</b>	<b>45</b>



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

СӨЖ- дің тақырыптық жоспары

Реттік №	Бөлім №	СӨЖ тақырыбы	Сағаттар
1	I	<b>Жалпы генетика негіздері</b> Адамның жыныс генетикасы	1
2	I	АВО жүйесі бойынша қан тобының генетикасы	1
3	I	Қартаюдың молекулалық-генетикалық механизмдері	1
4	I	Бағаналы жасушалар және олардың медициналық маңызы	1
5	I	Жүрек-қантамыр жүйесінің дамудың туа біткен ақаулықтары	1
6	I	Қазақстанның экологиялық қолайсыз аймақтары және тұрғындардың денсаулығы	1
7	I	Дәрілік заттарды жасаудағы гендік технологиялар	1
8	II	<b>Медициналық генетика негіздері</b> Клиникалық цитогенетика	1
9	II	Гемоглобинопатиялар	1
10	II	Генетикалық бұзылыстарды ДНҚ диагностикалау	1
11	II	Биочиптер – болашақтың диагностикасы	1
12	II	Бағаналы жасушалармен терапия жетістіктері	1
13	II	Персоналды емдеудің мәні, жетістіктері және тәжірбиелік маңызы	1
14	II	Предиктивті медицина	1
15	II	Адамның генетикалық паспорты	1
16	III	<b>Молекулалық биология негіздері</b> Ген туралы ұғымның негізгі даму кезеңдері	3
17	III	Биоинформатика: пробирка мен компьютер аралығындағы молекулалық биология	3
18	III	Теломерлер. Теломеразалық белсенділік	3
19	III	ДНҚ-ның метилденуі	3
20	III	Гендер экспрессиясы бұзылуынан дамидын аурулар	3
21	IV	<b>Жасушаның молекулалық биологиясы</b> Мутагенездің молекулалық механизмдері	3
22	IV	Трансгенді ағзалар, медицинада қолданылуы	3
23	IV	Геномика, протеомика және метаболомика	3
24	IV	Гендік инженерия негіздері	3
25	IV	Жасушалар мен ағзаларды клондау	3
		<b>Барлығы:</b>	<b>45</b>



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

**2.8 Студенттердің өзіндік жұмысына тапсырмалар:**

- 2.8.1. Адамның жыныс генетикасы
- 2.8.2. АВО жүйесі бойынша қан тобының генетикасы
- 2.8.3. Қартаюдың молекулалық-генетикалық механизмдері
- 2.8.4. Бағаналы жасушалар және олардың медициналық маңызы
- 2.8.5. Жүрек-қантамыр жүйесінің дамудың туа біткен ақаулықтары
- 2.8.6. Қазақстанның экологиялық қолайсыз аймақтары және тұрғындардың денсаулығы
- 2.8.7. Дәрілік заттарды жасаудағы гендік технологиялар
- 2.8.8. Клиникалық цитогенетика
- 2.8.9. Гемоглобинопатиялар
- 2.8.10. Генетикалық бұзылыстарды ДНҚ диагностикалау
- 2.8.11. Биочиптер – болашақтың диагностикасы
- 2.8.12. Бағаналы жасушалармен терапия жетістіктері
- 2.8.13. Персоналды емдеудің мәні, жетістіктері және тәжірбиелік маңызы
- 2.8.14. Предиктивті медицина
- 2.8.15. Адамның генетикалық паспорты
- 2.8.16. Ген туралы ұғымның негізгі даму кезеңдері
- 2.8.17. Биоинформатика: пробирка мен компьютер аралығындағы молекулалық биология
- 2.8.18. Теломерлер. Теломеразалық белсенділік
- 2.8.19. ДНҚ-ның метилденуі
- 2.8.20. Гендер экспрессиясы бұзылуынан дамиды аурулар
- 2.8.21. Мутагенездің молекулалық механизмдері
- 2.8.22. Трансгенді ағзалар, медицинада қолданылуы
- 2.8.23. Геномика, протеомика және метаболомика
- 2.8.24. Гендік инженерия негіздері
- 2.8.25. Жасушалар мен ағзаларды клондау

**Орындалу түрлері:** реферат, презентация, глоссарий және т.б. құрастыру.

\* Молекулалық биология және медициналық генетиканың бөлімдері

Бөлім №	Атауы
1	Жалпы генетика негіздері I
2	Медициналық генетика негіздері
3	Молекулалық биология негіздер
4	Жасушаның молекулалық биологиясы



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

№	Тарау, тақырып	Жұмыстың түрі және ұзақтығы (сағат)					
		Д	Пр.с.		АБ	СОЖӨЖ	СӨЖ
1	Молекулалық биология негіздері	-	7 сағ.			7	7 сағ.
	Аралық бақылау			1 сағ.	1 сағ.		
2	Жасушаның молекулалық биологиясы	-	6 сағ.		-	6 сағ.	8 сағ.
	Аралық бақылау			1 сағ.	1 сағ.		
3	Жалпы генетиканың негіздері	2 ч.	12 сағ.		-	12 ч.	14 сағ.
	Аралық бақылау			2 сағ.	2 сағ.		
4	Медициналық генетиканың негіздері	3 ч.	10 сағ.		-	14	14 сағ.
	Аралық бақылау			1 сағ.	2 сағ.		
<b>Барлығы – 135 сағат</b>		<b>5</b>	<b>40</b>			<b>45</b>	<b>45</b>
<b>Баллдың жалпы саны</b>			<b>100</b>		<b>100</b>		<b>100</b>
<b>2 семестрдегі баллдың максимальды саны – 100*0,6</b>							
<b>Жылдық қортынды бақылаудың (емтихан) максимальды балл саны – 100*0,4</b>							
<b>Барлығы: пән бойынша жалпы балл саны – 100</b>							

## 2.9 Әдебиеттер:

### Орыс тілінде:

#### Негізгі:

- 2.9.1. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. Т. 1,2. М., Высшая школа, 2007, 320 с.
- 2.9.2. Бочков Н.П. Клиническая генетика. М.: Геотар-Мед., 2004, 444 с.
- 2.9.3. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М.: ИКЦ «Академкнига», 2006, 638 с.
- 2.9.4. Гинтер Е.К. Медицинская генетика. М.: Медицина, 2003, 446 с.
- 2.9.5. Куандыков Е.У. Муминов Т.А. Основы молекулярной биологии А., 2007, 224 с.
- 2.9.6. Куандыков Е.У., Основы общей и медицинской генетики. А., 2008, 204 с.
- 2.9.7. Медицинская биология и генетика. Под ред. Куандыкова Е.У. Алматы, 2004, 444 с.
- 2.9.8. Мушкамбаров Н.Н., Кузнецов С.Л. Молекулярная биология. М., 2003, 544 с.
- 2.9.9. Щипков В.П., Кривошеина Г.Н. Общая и медицинская генетика. М.:
- 2.9.10. «Академия», 2003, 256 с.
- 2.9.11. Фаллер Д.М., Шилдс Д. Молекулярная биология клетки. М., 2003, 272 с.

#### Қосымша:

- 2.9.1. Айала Ф., Кайгер Дж. Современная генетика. М.: Мир, 1988, том 1,2, 288 с.

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

- 2.9.2. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л. Ньюссбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010
- 2.9.3. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2003, 478 с.
- 2.9.4. Иванов В.П., Гребенник Л.А., Кириленко А.И. Биология. Курск, 2003, 374 с.
- 2.9.5. Пехов А.П. Биология и общая генетика. Санкт-Петербург, Москва, 2006, 640 с.
- 2.9.6. Геномика медицине. Под ред. Иванова В.И. М.: «Академкнига», 2006, 392 с.
- 2.9.7. Казымбет П.К., Мироедова Э.П. Биология. Часть I,II. Астана, 2006, 2007.
- 2.9.8. Конищев А.С., Севастьянова Г.А. Молекулярная биология. М., 2005, 397 с.
- 2.9.10. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық-генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012.

**Қазақ тілінде:**

**Негізгі:**

- 2.9.1. Қазымбет П.К., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. Алматы, 2002, 350 б.
- 2.9.2. Қуандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. Алматы, 2011. 446 б.
- 2.9.3. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ. Ә. Жалпы және медициналық генетика негіздері. Алматы, 2009. 216 б.
- 2.9.4. Қуандықов Е.Ө., Аманжолова Л.Е., Молекулалық биология негіздері. Алматы, 2008. 224 б.
- 2.9.5. Қуандықов Е.Ө., Медициналық биология және генетика. Алматы, 2004, 444 б.

**Қосымша:**

- 2.9.1. Әлмағамбетов Қ.Х., Байдүйсенова Ә.Ө. Медициналық биотехнология. Алматы, 2009 с.
- 2.9.2. Нұртаева Қ.С. Клетканың биологиясы және генетика, Алматы, 1990 с.

**Ағылшын тілінде:**

- 2.9.1. Alberts et al: Molecular biology of the cell, Second edition, 2000, Garland, New York and London.
- 2.9.2. P.S. Verma, V. K. Agarwal. Cell biology, genetics, molecular biology, evolution and ecology, 2006, India.
- 2.9.3. Bringing science to life. USA. Mc Graw-Hill, Inc. 1991, 614 p.
- 2.9.4. T.A. Brown. Genetics a molecular approach. Chapman and Hall, 1990.
- 2.9.5. Selvam J. Biology. Deli, 1992.
- 2.9.6. Mange E.J., Mange A.P. Basic Human Genetics Second Edition. 1998, 456 p.

<b>Кілт сөздер:</b>	<b>Ключевые слова:</b>	<b>Key words:</b>
<b>1-дәріс</b>	<b>1-лекция</b>	<b>Lecture No. 1</b>
Тұқымқуалаушылық	Наследственность	heredity
Биополимерлер	Биополимеры	biopolymers
Нуклеин қышқылдары	Нуклеиновые кислоты	nucleic acids
Нуклеотид	Нуклеотид	nucleotide
ДНҚ	ДНК	DNA
РНҚ	РНК	RNA
Пурин	Пурин	purine
Пиримидин	Пиримидин	pyrimidine
Пентоза	Пентоза	pentose



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

Нуклеозид	Нуклеозид	nucleoside
Чаргафф ережесі	Правило Чаргаффа	Chargaff's rules
Ген	Ген	gene
Ақуыз	Белок	protein
Фермент	Фермент	enzyme
Полипептдік тізбек	Полипептидная цепь	polypeptide chain
Цистрон	Цистрон	cistron
Мутон	Мутон	Muton(moutun)
Рекон	Рекон	recon
Реттеуші қатарлар	Регуляторная последовательность	regulatory sequence
Кодтаушы бөлік	Кодирующий участок	The coding region
Экзон	Экзон	exon
Инtron	Инtron	intron
Промотор	Промотор	promoter
Оператор	Оператор	operator
Аттенуатор	Аттенуатор	Attenuator
Энхансер	Энхансер	enhancer
Сайленсер	Сайленсер	Silencer
Терминатор	Терминатор	terminator
Модификатор гендер	гены модификаторы	modifier genes
Супрессор гендер	гены супрессоры	suppressor genes
Леталды гендер	летальные гены	lethal genes
Сублеталды гендер	сублетальные гены	sublethal genes
Нейтралды гендер	нейтральные гены	neutral genes
<b>2-дәріс</b>	<b>2-лекция</b>	<b>Lecture No. 2</b>
Тұқымқуалау ақпараты	наследственная информация	genetic information
Крик постулаты	Постулат Крика	Krik's postulate
Жалпы тасымалдау	Общий перенос	General transfer
Арнайы тасымалдау	Специализированный перенос	specialized transfer
Репликация	Репликация	replication
Репликон	Репликон	replicon
Репликация принциптері	Принципы репликации	principles of replication
Репликативтік айыр	Репликативная вилка	replication fork
Лидерлік тізбек	Лидирующая цепь	leading chain
Ілесуші тізбек	Остающая цепь	remaining circuit
Оказаки фрагменттері	Фрагменты Оказаки	Okazaki fragments
Транскрипция	Транскрипция	transcription
ДНК- полимераза	ДНК- полимераза	DNA polymerase
РНК – полимераза	РНК – полимераза	RNA polymerase
РНК праймеры	РНК праймеры	RNA primers
Процессинг	Процессинг	processing
Сплайсинг	Сплайсинг	splicing
Альтернативті сплайсинг	Альтернативный сплайсинг	alternative splicing
<b>3- дәріс</b>	<b>3- лекция</b>	<b>Lecture No. 3</b>
Трансляция	Трансляция	translation
Генетикалық код	Генетический код	genetic code
Генетикалық кодтың қасиеттері	Свойство генетического кода	Property of the genetic code





МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

Инициация	Инициация	initiation
Элонгация	Элонгация	elongation
Терминация	Терминация	termination
Фолдинг	Фолдинг	folding
<b>4-дәріс</b>	<b>4-лекция</b>	<b>Lecture No. 4</b>
Митоздық цикл	Митотический цикл	mitotic cycle
Митоз	Митоз	mitosis
Интерфаза	Интерфаза	interphase
Митогены	Митогены	mitogens
Циклинге тәуелді киназа	Циклин зависимые киназы	Cyclin dependent kinases
Антимитогендер	Антимитогены	Antimitogeny
Тексеру нүктелері	Сверочные точки	Shek point
Апоптоз	Апоптоз	apoptosis
Командалық апоптоз	Командный апоптоз	team apoptosis
Ішкі апоптоз	Внутренний апоптоз	Indoor apoptosis
Апоптоз сатылары	Стадии апоптоза	stage of apoptosis
Нысандар	Мишени	target
Прокаспазалар	Прокаспазы	procaspase
Каспазалар	Каспазы	caspases
Ақуыз	Белок	protein
<b>5-дәріс</b>	<b>5-лекция</b>	<b>Lecture No. 5</b>
Онкогенетика	Онкогенетика	oncogenetics
Онкогенез	Онкогенез	oncogenesis
Канцерогендік факторлар	Канцерогенные факторы	carcinogenic factors
Протоонкогендер	Протоонкогены	protooncogenes
Онкогендер	Онкогены	oncogenes
Онковирустар	Онковирусы	oncoviruses
Инициация	Инициация	initiation
Промоция	Промоция	Promotion
Прогрессия	Прогрессия	Progression
Антионкогендер	Антионкогены	Antionkogenes
Фармакогенетика	Фармакогенетика	Farmokogenetika
Генотип	Генотип	genotype
Генетикалық фактор	Генетический фактор	genetic factor
Биотрансформация	Биотрансформация	biotransformation
Полиморфизм	Полиморфизм	polymorphism
Фармакокинетика	Фармакокинетика	Pharmacokinetics
Толеранттылық	Толерантность	tolerance
Пародоксалды реакция	Пародоксальная реакция	paradoxical reaction
Сезімталдық	Чувствительность	sensitivity
Генетикалық паспорт	Генетический паспорт	genetic passport
Ферменттер	Ферменты	enzymes
Дәрі-дәрмектер	Лекарства	medications

**2.10 Сабақ беру және оқыту әдістері:** дәрістерді, практикалық сабақтарды, СОЖӨЖ, СӨЖ-ты өткізу түрлері: комбинирленген әдіс (ауызша сұрау, тестілеу, ситуациялық есептерді шығару,

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

кесте және сызбаларды толтыру), кейс-стади, ролдік ойындар, командалық ойын, жұптасып жұмыс істеу, пресс-конференция, эссе жазу.

- *Дәрістерді оқу.*

- *Практикалық сабақтарды өткізу:* тақырыптың негізгі сұрақтары бойынша ауызша сұрау, типтік және ситуациялық есептер шығару, препараттарды микроскоппен қарау, кестелер мен сызбанұсқаларды толтыру, тестілік тапсырмаларды орындау, альбомды толтыру, сабақты қортындылау.

- аралық бақылау: тақырыптың негізгі сұрақтар бойынша ауызша сұрау, билет және тест тапсырмаларды орындау.

- *СОЖӨЖ-ын ұйымдастыру түрлері:* электрондық және мультимедиялық мәліметтер базасымен жұмыс істеу, тақырыптың тапсырмалары бойынша кеңес беру, типтік және ситуациялық есептер шығару, кестелер мен сызбанұсқаларды толтыру, тест тапсырмаларын орындау, дидактикалық карталармен жұмыс істеу, кіші топтармен жұмыс істеу: рольдік ойын (дәрігер-пациент);

- *СӨЖ-ын ұйымдастыру түрлері:* өздігінен орындайтын тақырыптың сұрақтары бойынша әдебиеттермен жұмыс істеу, рефераттар дайындау, презентация дайындау, клиникалық жағдайды құрастыру, глоссарий құру, ситуациялық есептер құрастыру.

*СӨЖ-ын тексеру формасы:* студенттің өзіндік жұмысы СӨЖ-тың түріне сәйкес бағаланады.

## 2.11 Бағалаудың критерий және ережелері:

### Күнделікті бақылау

Практикалық сабақтар:

- ауызша сұрау (студент әдістемелік нұсқаудағы сұрақтар бойынша сабаққа даярланып келуі тиіс);
- тестілеу (*жазбаша жүргізіп, оқытушыға тексеруге беріледі*);
- сурет салу, типтік және ситуациялық есептерді шығару (*альбомға жазып, шығарып, сабақ соңында оқытушыға өткізіледі*);
- сабақтың нәтижесін тексеру (*альбомның жүргізілуін оқытушы сабақ соңында тексереді*).

**Аралық бақылау:** *тест жүргізу, ауызша сұрау, билет сұрақтары бойынша жазбаша және есептер шығару арқылы коллоквиум қабылдау.*

**Қортынды бақылау:** *интегрирленген емтихан, екі кезеңнен тұрады: 1) тестілеу, 2) ауызша немесе жазбаша (билет бойынша практикалық дағдыларын тексеру).*

### Студенттердің білімін бағалау жүйесі

Студенттердің жетістіктерін бағалау құзыреттіліктің 5 түрі бойынша жүргізіледі:

- білім
- тәжірбиелік дағдылар
- коммуникативтік дағды
- денсаулық қорғаушысы (құқықтық сұрақтар)
- өзін-өзі жетілдіру.

Әрбір құзыреттілік 100-баллдық шкала бойынша бағаланады.

**Қорытынды бақылау** интегрирленген емтихан, екі кезеңнен тұрады: 1) тестілеу, 2) ауызша (билет бойынша практикалық дағдыларын және т.б. тексеру).

#### Білім алушылардың жетістіктерін бағалау:

1 кезең – «білім» және «құқықтық құзіреттіліктерін» компьютермен немесе жазбаша тест арқылы қалыптасқан құзіреттіліктері бағалау

2 кезең – «тәжірбиелік дағды» және «коммуникативтік дағдыларының» қалыптасуын бағалау.

Емтиханның 2- кезеңінде «0» балл қойылмайды!

**Емтиханның 1 және 2 кезеңі бойынша бағалардың бөлінуі:**

1 кезең – 60%

2 кезең – 40%

$$R_u = R_g * 0.6 + (R_{1Э} * 0.25 + R_{2Э} * 0.15)$$

мұнда:

**R<sub>u</sub>** – қорытынды баға

**R<sub>g</sub>** – емтиханға жіберілу рейтингі

**R<sub>1Э</sub>** – емтиханның I кезеңі

**R<sub>2Э</sub>** – емтиханның II кезеңінің баллы (пән бойынша емтихан).

Қорытынды рейтинг 60% рейтинг жіберілу және 40% қорытынды бағалау бағасынан тұрады.

Ағымдық бақылау **t** – құзыреттіліктің қалыптасу деңгейімен бағаланады

$$t = (Z + N + K + P + S) / n$$

мұндағы:

**n** – барлық құзыреттілік бойынша тапсырмалар саны

**Z:**  $z_1 + z_2 + \dots + z_n$  – білімнің бағасы

**N:**  $n_1 + n_2 + \dots + n_n$  – практикалық дағдылар бағасы

**K:**  $k_1 + k_2 + \dots + k_n$  – коммуникативтік дағдылар бағасы

**P:**  $p_1 + p_2 + \dots + p_n$  – құқықтық құзыреттілік бағасы

**S:**  $s_1 + s_2 + \dots + s_n$  – СӨЖ бағасы

Студенттің жіберілу рейтингі қорытынды бағада 60 % кем емес, мына формуламен анықталады  $R_d = (t + r_1 + r_2 + r_3 + r_4) / * 0.6$

мұндағы, **t** – ағымдық бақылау

**r<sub>1</sub>** – бірінші рейтинг,

**r<sub>2</sub>** – екінші рейтинг,

**r<sub>3</sub>** – үшінші рейтинг,

**r<sub>4</sub>** – төртінші рейтинг

Білім алушы емтиханға жіберілген болып есептеледі, егер **R<sub>жіберілу</sub>** 50 –ге тең болса немесе одан жоғары болса.

Әр жіберілген дәріс үшін **R<sub>жіберілу</sub>** балынан бір балл шегеріледі. Бақылау - дәріс жазбасының болуы.

**«Молекулалық биология және медициналық генетика» пәні бойынша «Жалпы медицина» мамандығы студенттерінің бағаланатын құзіреттіліктері**

№	Құзіреттілік	Бақыланатын сабақтардың тақырыбы
1	Білім	Барлық практикалық сабақтар тақырыптары бойынша (1-30)
2	Тәжірбиелік дағды	Барлық практикалық сабақтар тақырыптары бойынша (1-30)
3	Коммуникативтілік	1. «Жалпы генетика негіздері» тарау бойынша аралық бақылау



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

	дағды	(№20 сабақ); 2. Адамның моногендік менделдік аурулар (10 сабақ); 3. «Медициналық генетика негіздері» тарау бойынша аралық бақылау (15 сабақ); 4. Молекулалық биология негіздері» тарау бойынша аралық бақылау (22 сабақ); 5. «Жасушаның молекулалық биологиясы» тарау бойынша аралық бақылау (30 сабақ).
4	Құқықтық дағды	1. Дамудың туа біткен ақаулықтары (5 сабақ); 2. Медико-генетикалық кеңес (14 сабақ).
5	Өзін-өзі жетілдіру	Барлығы СӨЖ тақырыптары 25. Әр студент пәнді оқып, игеру барысында 1 СӨЖ тақырыбын орындап өткізуі тиіс.

2.11 Қалыптасқан құзыреттілікті бағалау ережелері мен критерилері  
Практикалық сабақ

Баға	Бағаланатын құзыреттілік			
	Білім Макс.100 б	Практикалық дағды Макс 100 б	Коммуникативдағды Макс. 100 б	Құқықтық дағды Макс. 100б
90-100 б.	Студент сабақ тақырыбын терең түсінетінін, логикалық ойлай алатындығын көрсетті. Материал мазмұны түгелімен қойылған сұрақтарға сәйкес, барлық қажетті теориялық дәйектері, дұрыс таңдалынған нақты мысалдары бар, дегенмен жауабынды аздаған қателіктер бар, оқытушы ескертуінен кейін қайта түзетті.  Студент негізделген қорытынды шығара алады. Тақырыпты талдау барысында өткен тақырып пен толық көлемде байланыстырады.  Тестілеу кезінде 9-10 жауап жинай алады.	Студент сабақтың практикалық бөліміндегі барлық тапсырманы шығармашылық пен және дұрыс орындайды, ситуациялық есептерді талдауда дұрыс қорытынды шығарды, альбомды сауатты түрде ұқыпты толтырады, талданатын үрдістердің механизмдерінің сызбасын дұрыс сызды, ситуациялық есептерді талдау барысында дұрыс қорытынды жасады, берілген жағдайға терең талдау жүргізді, барлық сұрақтарға дәйекті және толық жауап берді, Қорытынды жасау кезінде және альбомды толтыру барысында аз деген қателіктер жіберді.	Студент топпен жұмыс істеу кезінде басшылық сипатты, өзінің іс-әрекетін эмоциялық жағдайын бақылай алу қабілетін көрсетті, дискуссия жүргізу және есеп шығару барысында өз көз қарасын көрсете білді, оқытушы мен достарына сыйластықпен қарайды, қарсыласында мұқият тыңдап, оның көз қарасын түсінуге тырысады, ғылыми конференцияларда баяндамамен шығара алады, тыңдаушының назарын өзіне аударады.	Сол тақырып бойынша барлық баптардың мазмұнын біледі. Заңның негізін және нормативтік актілерді білетіндігін тест жүргізу 9-10 дұрыс жауап беруі арқылы анықталады.
89-80 б	Студент сабақ тақырыбын түсінетінін, логикалық ойлай	Студент сабақтың практикалық бөліміндегі барлық тапсырманы	Студент топпен жұмыс істеу кезінде басшылық сипатты, өзінің іс-әрекетін	Заңның негізін және нормативтік актілерді білетіндігін тест жүргізу 8 дұрыс жауап беруі



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

	<p>алатындығын көрсетті. Материал мазмұны түгелімен қойылған сұрақтарға сәйкес, барлық қажетті теориялық дәйектері, дұрыс таңдалынған нақты мысалдары бар, дегенмен жауабынды аздаған қателіктер бар, оқытушы ескертуінен кейін қайта түзетті. Тақырыпты талдау барысында өткен тақырыппен толық көлемде байланыстыра алмайды.</p> <p>Тестілеу – 8 дұрыс жауап.</p>	<p>шығармашылық пен және дұрыс орындайды, ситуациялық есептерді талдауда дұрыс қорытынды шығарды, альбомды толтыру барысында аздаған қателіктер жіберді, ситуациялық есептерді талдауда мардымсыз қателіктер жіберді.</p>	<p>эмоциялық жағдайын бақылай алу қабілетін көрсетті, дискуссия жүргізу және есеп шығару барысында өз көз қарасын көрсете білді, оқытушы мен достарына сыйластықпен қарайды, қарсыласында мұқият тыңдап, оныңда көз қарасын түсінуге тырысады, ғылыми конференцияларда баяндамамен шыға алады, тыңдаушының назарын өзіне аударады, сыйластықпен қарайды, қарсыласында мұқият тыңдап, оныңда көз қарасын түсінуге тырысады, ғылыми конференцияларда баяндамамен шыға алады, тыңдаушының назарын өзіне аударады.</p>	<p>арқылы анықталады.</p>
79-70 б.	<p>Студент сабақ тақырыбын түсінеді, жауабында аздаған қателіктері бар, оқытушы ескерттуінен кейін түзетеді, оқытушының бағыттау сұрағынан кейін логикалық ойлай алады. Оқытушының бағыттаушысы сұрақтарынан кейін өткен тақырыптан алған білімін пайдалана алады. Тестілеу – 7 дұрыс жауап.</p>	<p>Студент сабақтың практикалық бөліміндегі барлық тапсырманы дұрыс орындайды, бірақ альбомды толтыру және қорытынды жасау барысында қателіктер жібереді, оқытушының ескертуінен кейін қайта түзетеді. Ситуациялық есептерді дұрыс талдайды, бірақ түсіндіру кезінде қателіктері бар.</p>	<p>Студент өзінің іс-әрекетін эмоциялық жағдайын бақылай алу қабілетін көрсетті, дискуссия және есеп шығаруда өз көз қарасын әлсіз көрсетеді, оқытушыға, достарын а түсінушілікпен қарайды қарсыласында мұқият тыңдап, оныңда көз қарасын түсінуге тырысады, ғылыми конференцияларда баяндамамен шыға алады, қойылатын сұрақтардың 70% жауап бере алады.</p>	<p>Заңның негізін және нормативтік актілерді білетіндігін тест жүргізу 7-8 дұрыс жауап беруі арқылы анықталады.</p>
69-60 б	<p>Студент терең емес үстіртін білім көрсетеді, сұраққа толық жауап бермейді, бірақ тақырып бойынша жалпы түсінік бар,</p>	<p>Студент практикалық бөлімдегі тапсырманы орындауда теориялық білімді пайдалана алмайды,</p>	<p>Студент өз көз қарасын ұстана алмауына қарамастан оқытушыға және достарына түсінушілікпен қарайды, ғылыми</p>	<p>Заңның негізін және нормативтік актілерді білетіндігін тест жүргізу 6 дұрыс жауап беруі арқылы анықталады.</p>



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

	тақырыптың бағдарламасын толық игеру мақсатында өткен тақырыптан алған білімімен байланыстыра алмайды. Тестілеу – 6 дұрыс жауап.	бірақ альбомдға тапсырманы қателіктермен орындады толтыру және қорытынды жасау барысында қателіктер жібереді, қорытынды толық жасалынбады.	конференцияларда баяндамамен шыға алады, бірақ аудиторияны қызықтыра алмайды, қойылған сұрақтарға киналып жауап береді.	
59-50 б.	Студент тақырыпты талдауда үстіртін білім көрсетеді, бағытын нашар түсінеді, өткен тақырып материалын пайдалана алмайды Тестілеу – 5 дұрыс жауап.	Практикалық бөлімдегі тапсырманы орындауда альбомды ұйыпсыз толтырды, қорытынды жасай алмады, ситуациялық есепке талдау жасай алмайды.	Студент өз көз қарасын ұстана алмайды, оқытушы және достарымен өзара нашар қарым-қатынасы коммуникативтілігі төмен, ғылыми конференцияларда аудиторияның қызығушылығын тудырмайақ баяндама жасайды.	Заңның негізін және нормативтік актілерді білетіндігін тест жүргізу 5 дұрыс жауап беруі арқылы анықталады.
49-40	Студент оқытушының түсіндіргенін нашар түсінеді, талқыланатын тақырыпқа қызығушылық төмен. Тестілеу – 4 дұрыс жауап.	Альбом толтырылды, бірақ қорытынды жасай алмады, ситуациялық есепті талдай алмады.	Студент өз көз қарасын ұстана алмайды, оқытушы мен студенттермен өзара қарым-қатынасына коммуникативті қабілеттілігі төмен, конференцияда баяндаманы оқып бере алады, бірақ қойылған сұрақтарға жауап бере алмайды, аудиторияны қызықтыра алмайды.	Заңның негізін және нормативтік актілерді білетіндігін тест жүргізу 4 дұрыс жауап беруі арқылы анықталады.
39-30	Студент сабаққа дайын емес. Талқыланатын тақырыпқа қызығушылық төмен. Тестілеу – 3 дұрыс жауап.	Альбомды ұқыпсыз, практикалық жұмыстың мәнін түсінбей толтырады	Конференцияда оқып беру арқылы ғана баяндама жасай алады.	Заңның негізін және нормативтік актілерді білетіндігін тест жүргізу 3 дұрыс жауап беруі арқылы анықталады.
29-20	Студент сабаққа дайын емес. Талқыланатын тақырыпқа қызығушылық танытпайды Тестілеу – 2 дұрыс жауап.	Өз бетімен альбом толтырмайды (басқа студенттен көшіреді) қорытынды жасай алмады, ситуациялық есептерді талдай алмады.	Конференцияға баяндама жасай алмайды.	Заңның негізін және нормативтік актілерді білетіндігін тест жүргізу 2 дұрыс жауап беруі арқылы анықталады.
19-10	Студент сабаққа дайын емесі. Тестілеу – 1 дұрыс жауап.	Альбом ы бар болғанымен толтырылмады. Сабактың	Коммуникативтілік дағдыға қабілеттілігі төмен.	Заңның негізін және нормативтік актілерді білетіндігін тест жүргізу 1 дұрыс жауап беруі



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

		практикалық бөлімін орындаған жоқ.		арқылы анықталады.
9-10	Студент сабаққа қатысады, бірақ жауап беруден бас тартады. Тестілеу –1 дұрыс жауап.	Альбомы жоқ.	Коммуникативтілік дағды дамымаған	
Бж	Сабақта болған жоқ.	Сабақта болған жоқ	Сабақта болған жоқ .	Сабақта болған жоқ .

**Ескерту:** оқытушы балды төмендетуге құқылы (10 дейін):

- сабаққа 15 минуттан артық кешіккенде;
- сабақта халатсыз отырғанда;
- альбомы жоқ.
- 

**АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ**  
құзыреттіліктің орта арифметикалық баға ретінде бағаланады

1 кезең – тест

2 кезең – практикалық дағды

Практикалық дағданы бағалау критеріі

1. Репликация, транскрипция, трансляция, репарация, гендер экспрессиясының реттелуінің және т.б.сызбасын дұрыс сызып түсіндіру.
2. Аллельді және аллельді емес гендердің хромосомада дұрыс орналасуының сызбасын сызып түсіндіру. Тәуелсіз және тіркес тұқым қуалаудың механизмдерін, мутация типтерін және олардың пайда болу механизмдерін көрсету.
3. Аутосомды және гоносомды хромосомалық синдромдардың кариотиптерін жазу және негізгі клиникалық белгілерін көрсету.
4. Шежіре құру және тұқым қуалау типтерін, генотиптерін және ауру балалардың туылу қауіпін анықтау.
5. **Коммуникативті дағдыны бағалау критеріі**
  1. Ойын дұрыс құрастыру және өз көз қарасын дәлелдеу.
  2. Өз іс-әрекетін және эмоциялық жағдайын талдай алу қабілеттілігі.
  3. Тартыс сұрақтарды ашық түрде талдауға қабілеттілігі.

**Аралық бақылау**

Баға	Білім –тест	Практикалық дағды	Коммуникативті дағды
	жүргізу Макс.100б	Макс 100б	Макс. 100б
90-100 б	10 дұрыс жауап	1.Студент сызбаны дұрыс сызады,билеттің екі сұрағында түсіндіреді және сипаттайды. 2. Есептерді дұрыс шығарады. 3. Барлық сұраққа терең жауап береді. 4. Дұрыс қорытынды жасайды, түсіндіреді.	1. Студент экзаменаторға өзінің ойын еркін,дұрыс және нанымды жеткізеді. 2. Ескертулерді дұрыс қабылдайды. 3. Тартыс сұрақтарды талдауға қабілетті
80-89б	9 дұрыс жауап	1. Студент сызбаны дұрыс сызады,билеттің екі	1. Студент экзаменаторға өзінің ойын еркін,дұрыс және нанымды жеткізеді.



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

		сұрағында түсіндіреді және сипаттайды. 2. Есептерді дұрыс шығарады. 3. Барлық сұраққа жеткілікті жауап береді, бірақ аздаған қателіктермен 4. Дұрыс қорытынды жасайды, түсіндіреді.	2. Ескертулерді дұрыс қабылдайды. 3. Тартыс сұрақтарды талдауға қабілетті
70-79	8 дұрыс жауап	4. Студент сызбаны дұрыс сызады, билеттің екі сұрағында 70-79 % түсіндіреді және сипаттайды. 2. Есептерді толық шешпейді. 5. Барлық сұраққа жеткіліксіз жауап береді.	1. Студент өзінің ойын экзаменатордың бағыттық сұрақтарынан кейін жеткізе алады. 2. Ескертулерді дұрыс қабылдайды. 3. Тартыс сұрақтарды талдауға дайын емес.
60-69	7 дұрыс жауап	1. Студент сызбаны толық сызбайды, билеттің екі сұрағында түсіндіреді және сипаттайды. 2. Есептерді толық шешпейді. 3. Барлық сұраққа жеткіліксіз жауап береді. 4. Дұрыс оқытушының бағыттық сұрақтарынан кейін дұрыс қорытынды жасайды, түсіндіреді.	1. Студент өзінің ойын нашар құрастырады. 2. Ескертулерді дұрыс қабылдамайды. 3. Тартыс сұрақтарды талдауға дайын емес.
50-59	6 дұрыс жауап	1. Студент сызбаны толық сызбайды, билеттің екі сұрағында 50-59 % түсіндіреді және сипаттайды. 2. Есептерді толық шешпейді. 3. Барлық сұраққа жеткіліксіз жауап береді. 4. Дұрыс қорытынды жасалынбады, оқытушының бағыттық сұрақтарынан кейін қорытындыны түсіндіреді.	1. Студент өзінің ойын нашар құрастырады. 2. Жіберген қателіктерінің мәнін түсінбейді, ескертулерді дұрыс қабылдайды. 3. Тартыс сұрақтарды талдауға дайын емес.
40-49	5 дұрыс жауап	1. Студент сызбаны сызады, билеттің екі сұрағында түсіндірмеді және сипаттамады. 2. Есепті қателіктермен шығарады. 3. Бір сұраққа ғана жауап береді.	1. Студент өзінің ойын нашар құрастырады. 2. Жіберген қателіктерінің мәнін түсінбейді, ескертулерді дұрыс қабылдамайды. 3. Тартыс сұрақтарды талдауға дайын емес.
30-39	4 дұрыс жауап	1. Студент сызбаны қателіктермен сызады, билеттің екі сұрағында түсіндірмеді және сипаттамады. 2. Есепті қателіктермен шығарады. 3. Барлық сұрақтарға да жауап жоқ.	Студенттің коммуникативті дағдыға қабілеттілігі төмен.
20-29	3 дұрыс жауап	1. Студент сызбаны сызбады, билеттің екі сұрағында түсіндірмеді және	Коммуникативті дағды дамымаған.





МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

		сипаттамады. 2. Есепті қателіктермен шығарады. 3.Барлық сұрақтарға да жауап жоқ.	
10-19	2 дұрыс жауап	1. Студент сызбаны сызбады,билеттің екі сұрағында түсіндірмеді және сипаттамады. 2. Есептер шығарылмады. 3.Барлық сұрақтарға да жауап жоқ.	Коммуникативті дағды дамымаған.
9-0	0-1 дұрыс жауап	Студент жауап беруден бас тартты. Альбомы жоқ	Коммуникативті дағды дамымаған
Бж	Аралық бақылауда болмады	Аралық бақылауда болмады	Аралық бақылауда болмады

**Баға жіктелуінің шкаласы**

Әріп жүйесі бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы %	Традициялық жүйемен бағалау
A	4,0	95-100	ҮЗДІК
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	ЖАҚСЫ
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	ОРТАША
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	ҚАНАФАТТАНАРСЫЗ

**Кеңестер және емтихандар уақыты:**

Кеңесті дәріскер кестеге сәйкес кафедрада өткізеді. Емтихандар кестеге сәйкес жүргізіледі.



## **ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ**

### **МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ**

#### **ДӘРІСТІК КЕШЕН**

**КУРС: 1**

**ПӘН: МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ ГЕНЕТИКА**

**ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: кафедра оқытушылары**

**2013 ЖЫЛ**



Кафедра отырысында талқыланып бекітілді, «04» маусым 2013 ж., хаттама № 17 .

Кафедра меңгерушісі, профессор

Қуандықов Е. Ө.

## № 1 дәріс

### 1. Тақырыбы: Тұқымқуалаушылықтың молекулалық негіздері. Нуклеин қышқылдары. Геннің молекулалық биологиясы

**2. Мақсаты:** студенттерде ағза қызметінің негізгі молекулалық-генетикалық және жасушалық механизмдері, тұқым қуалау материалының құрылысымен қызметінің құрылымдарының молекулалық деңгейі (ДНҚ). Геннің құрылысы және қызметі жайлы қазірі кездегі көзқарастарды қалыптастыру.

### 3. Дәріс тезистері:

- 3.1. Молекулалық биология және генетиканың медицинадағы рөлі және маңызы.
- 3.2. Нуклеин қышқылдары – жіктелуі, құрылысы, қызметі.
- 3.3. Геннің анықтамасы, жіктелуі.
- 3.4. Про- және эукариот гендерінің құрылысы. Геннің реттеуші және кодталатын суббірліктері, құрылысы, қызметі.
- 3.5. Реттеуші гендердің реті, қызметі.
- 3.6. Кодталу реті (кодондар), қызметі.
- 3.7. Эукариот гендерінің экзон – интрондық құрылысы.
- 3.8. Мутон, рекон, цистрон жайлы түсініктер.

Молекулалық биология және генетика тірі ағзалардың генетикалық материалының (ДНҚ) құрылымы мен қызметін молекулалық, гендік, геномдық, хромосомдық және популяциялық деңгейде зерттейді.

Молекулалық биология – биологияның алдыңғы қатарда ең бір қарқынды дамып келе жатқан ғылымдарының бірі.

Тірі ағзалардың барлық жасушаларындағы тұқым қуалау материалын тасмалдаушы нуклеин қышқылдары (НҚ) болып табылады. Бұлар молекулалық массасы өте үлкен күрделі биополимерлер. НҚ мономерлері нуклеотидтер болып табылатындықтан да НҚ полинуклеотидтік тізбек түзеді. Әр бір нуклеотидтің құрамына: бес көміртекті моносахарид (пентоза), фосфор қышқылының қалдығы және азотты негіздер аденин (А), тимин (Т), гуанин (Г), цитозин (Ц), урацил (У) кіреді. Екі азоттық негіздер пуриндер (А және Г), ал үшеуі (Т, У, және Ц) пиримидиндер класына жатады.

Фосфор қышқылының қалдығы пентозаның 3'-көміртегімен, ал азоттық негіздер көміртегінің 1' атомымен байланысады. Нуклеотидтер бір-бірімен тізбектеліп бір нуклеотидтің фосфат тобы екінші бір нуклеотидтің дезоксирибозасымен ковалентті байланысады. Нуклеин қышқылдарының құрылысы мен қызметі жағынан ажыратылатын екі түрі - ДНҚ және РНҚ бар. Молекулалық-биологиялық көз қарас бойынша, ген реттеуші және кодталынған бөлімдерден тұратын ақуыз өнімі - полипептид синтезін бақылайтын құрылысы күрделі ДНҚ бөлігі болып табылады. Геннің бойында бір полипептидтік тізбектің синтезін бақылайтын және көптеген мутация және рекомбинация (мутон және рекон) сайттарынан тұратын бірнеше функционалдық бірлік – цистрон болады.

Геннің кодталатын бөлігінің функционалдық активтілігіне әсер ететін реттеуші гендер қатары, эукариоттарда кодталмайтын (интрондар) және мағналы реттері (экзондар) болады.

Құрылымдық және реттеуші гендер деп ажыратады. Құрылымдық гендер құрылымдық ақуыздар мен ферменттердің синтезін бақылайды. Реттеуші гендер құрылымдық гендердің белсенділігіне әсер ететін ақуыздардың синтезін бақылайды.

**4. Көрнекілік материал:** мультимедиялық дәріс № 1.

## 5. Әдебиеттер:

### Негізгі:

- 5.1. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М. 2006.
- 5.2. Гинтер Е.К. Медицинская генетика. М., 2003.
- 5.3. Қазымбет П.К., Мироедова Э.П. Биология. Астана, 2006.
- 5.4. Медицинская биология и генетика. Под ред. проф. Куандыкова Е.У. Алматы, 2004.
- 5.5. Муминов Т.А., Куандыков Е.У. Основы молекулярной биологии (курс лекций). Алматы,, 2007.
- 5.6. Мушкамбаров Н.Н., Кузнецов С.Л. Молекулярная биология. М., 2003.
- 5.7. Фаллер Д.М., Шилдс Д. Молекулярная биология клетки. М., 2003.
- 5.8. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006.
- 5.9. Қазымбет П.Қ., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. А., 2002.
- 5.10. Қуандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006.

### Қосымша:

- 5.11. Введение в молекулярную медицину. Под ред. Пальцева М.А. М., 2004.
- 5.12. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л. Ньюссбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010, с. 203 - 205
- 5.13. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық-генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012, 112с.

## 6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс):

- 6.1. Тұқым қуалаушылықты қамтамасыз етудегі нуклеин қышқылдарының рөлі.
- 6.2. ДНҚ және РНҚ құрылысы.
- 6.3. ДНҚ және РНҚ қызметі.
- 6.4. Геннің құрылысы және қызметі жайлы қазіргі кездегі көзқарастар.
- 6.5. Гендердің жіктелінуі.
- 6.6. Геннің реттеуші бөлігінің құрылысы және қызметі.
- 6.7. Геннің кодтайтын бөлігінің құрылысы және қызметі.
- 6.8. Экзон деген не?
- 6.9. Интрон деген не?
- 6.10. Мутон, рекон, цистронның анықтамалары.

## № 2 дәріс

**1. Тақырыбы:** Тұқым қуалау ақпаратының іске асырылуы. Криктің негізгі постулаты. Репликация. Транскрипция.

**2. Мақсаты:** Студенттерде тірі жүйедегі тұқым қуалау ақпаратының берілу бағыттары және механизмдері, олардың тірі ағзалардағы қалыпты және патологиялық жағдайын-дағы қызметінің рөлі мен маңызы туралы қазіргі кезге сай білімдерін қалыптастыру.

### 3. Дәріс тезистері:

- 3.1. Молекулалық биологияның орталық догмасы (Криктің негізгі постулаты). Тірі жүйедегі генетикалық ақпараттың берілу типтері: жалпы, арнайы, тыйым салынған.
- 3.2. Репликация. ДНҚ репликациясының негізгі принциптері және типтері. Репликон жайлы түсінік.
- 3.3. Транскрипция. Про- және эукариоттардың транскрипциясының механизмдері. Процессинг және сплайсинг. Альтернативті сплайсинг.
- 3.4. Хромосоман ұштарының репликацияланбау мәселелері және оның шешімдері.

Тұқым қуалау ақпаратының іске асырылу процесстері ДНҚ репликациясы (екі еселенуі) ұрпақ бойы тұқым қуалау материалының тұрақтылығын қамтамасыз етеді; транскрипция – ДНҚ-дағы тұқым қуалау ақпаратының ақпараттық (матрицалық) РНҚ-ға (а-РНҚ) көшірілуі және трансляция - а-РНҚ-дағы нуклеотидтер қатарының аминқышқылдар қатарына аударылуы (ақуыз биосинтезі).

**4. Көрнекілік материал:** мультимедиялық дәріс № 2.

### 5. Әдебиеттер:

#### Негізгі:

- 5.1. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006.
- 5.2. Гинтер Е.К. Медицинская генетика. М., 2003.
- 5.3. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006.
- 5.4. Қазымбет П.Қ., Мироедова Э.П. Биология. Астана, 2006.
- 5.5. Коницев А.С., Севастьянова Г.А. Молекулярная биология. М., 2005.  
Медицинская биология и генетика. Под ред. Куандыкова Е.У. А., 2004.
- 5.6. Муминов Т.А., Куандыков Е.У. Основы молекулярной биологии (курс лекций). А., 2007.
- 5.7. Мушкхамбаров Н.Н., Кузнецов С.Л. Молекулярная биология. М., 2003.
- 5.8. Фаллер Д.М., Шилдс Д. Молекулярная биология клетки. М., 2003.
- 5.9. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006.
- 5.10. Қазымбет П.Қ., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. А., 2002.
- 5.11. Қуандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006.

#### Қосымша:



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

---

- 5.1. Введение в молекулярную медицину. Под ред. Пальцева М.А. М., 2004.
- 5.2. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л. Ньюссбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010.
- 5.3. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық-генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012.

**6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс):**

- 6.1. 1.Тұқым қуалау ақпаратының берілу жолдары.
- 6.2. Репликация принциптері.
- 6.3. ДНҚ жетекші және ілесуші тізбектерінің репликациялану ерекшеліктері.
- 6.4. Эукариот гендерінің транскрипциялану ерекшелігі.
- 6.5. Процессинг, сплайсинг деген не?
- 6.6. Альтернативті сплайсинг деген не және оның маңызы.

## № 3 дәріс

### 1. Тақырыбы: Трансляция, генетикалық код

**2. Мақсаты:** Студенттерде тірі жүйедегі тұқым қуалау ақпаратының берілу бағыттары және механизмдері, олардың тірі ағзалардағы қалыпты және патологиялық жағдайын-дағы қызметінің рөлі мен маңызы туралы қазіргі кезге сай білімдерін қалыптастыру.

### 3. Дәріс тезистері:

3.1. Генетикалық код, түсінігі, қасиеттері.

3.2. Трансляция. Трансляция механизмдері.

3.3. Акуыздардың посттрансляциялық модификациясы.

Трансляция- белгілі бір қасиеті бар генетикалық код негізінде іске асырылады. Трансляция тұтас ағзаның және жасушаның құрылымдық, функционалдық негізін қамтамасыз етеді.

Кейбір жағдайда жаңа синтезделген акуыз қайта құрылымдарға ұшырайды (посттрансляциялық модификация).

### 4. Көрнекілік материал: мультимедиялық дәрістер № 3.

### 5. Әдебиеттер:

#### Негізгі:

5.4. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006.

5.5. Гинтер Е.К. Медицинская генетика. М., 2003.

5.6. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006.

5.7. Қазымбет П.Қ., Мироедова Э.П. Биология. Астана, 2006.

5.8. Коницев А.С., Севастьянова Г.А. Молекулярная биология. М., 2005.

5.9. Льюин Б. Гены. М., 1997.

Медицинская биология и генетика. Под ред. Куандықова Е.У. А., 2004.

5.10. Муминов Т.А., Куандықов Е.У. Основы молекулярной биологии (курс лекций). А., 2007.

5.11. Мушкамбаров Н.Н., Кузнецов С.Л. Молекулярная биология. М., 2003.

5.12. Фаллер Д.М., Шилдс Д. Молекулярная биология клетки. М., 2003.

5.13. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006.

5.14. Қазымбет П.Қ., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. А., 2002.

5.15. Куандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006.

#### Қосымша:

5.1. Введение в молекулярную медицину. Под ред. Пальцева М.А. М., 2004.

5.2. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л. Ньюссбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010.

5.3. Куандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық-генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012.





**6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс):**

- 6.1. Генетикалық кодтың қасиеті.
- 6.2. Прокариоттар трансляциясының ерекшелігі.
- 6.3. Эукариоттар трансляциясының ерекшелігі.

## № 4 дәріс

### 1. Тақырыбы: Митоздық цикл. Генетикалық бақылануы, реттелуі. Апоптоз

**2. Мақсаты:** Митоздық циклдың реттелуі және бақылануының молекулалық-генетикалық механизмдері жайлы қазіргі көзқарастары туралы білімдерін қалыптастыру. Апоптоздың молекулалық-генетикалық механизмдерін және оның медицинадағы маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.

### 3. Дәріс тезистері:

- 3.1. Жасушалық цикл, анықтамасы, кезеңдері.
- 3.2. Жасушалық циклдың кезеңдері және олардың сипаттамасы.
- 3.3. Жасушалық циклды қамтамасыз ететін процесстердің генетикалық реттелуі.
- 3.4. Жасушалық циклды бақылайтын процесстердің реттелуі (бақылау пункттері – check-points).
- 3.5. Апоптоз, анықтамасы, маңызы, сатылары.
- 3.6. Апоптоздың генетикалық бақылануы: каспаздық гендер каскадасы, эндонуклеаза, р53.

Жасушалық цикл, деп аналық жасушаның бөлінуінің нәтижесінде пайда болған жас жасушаның қайта бөлінуге дейінгі немесе тіршілігін жойғанға дейінгі кезеңді айтады.

Жасушалық цикл 3 кезеңнен тұрады:

1. Митоздық цикл.
2. Жасушаның арнайы қызмет атқаруы.
3. Тыныштық кезеңі.

Митоздық цикл 4 фазадан тұрады:

1. Митоз.
2. Митоздан кейінгі кезең ( $G_1$ ).
3. Синтездік кезең (S).
4. Синтезден кейінгі кезең ( $G_2$ ).

$G_1$ ,  $G_2$ , және S кезеңдері гендер белсенділігімен сипатталынатын интерфазаны құрайды.

Митозда гендер активсіз күйде болады.

Жасушалық (митоздық) цикл көптеген гендермен реттеледі. Мұнда циклиндерді және циклинге тәуелді киназаларды синтездейтін гендер басты рөл атқарады.

Бұл гендердің белсенді өнімдері циклин+циклинге тәуелді киназалық (Ц+ЦЗК) комплек түзеді, мұнда циклин активаторлық суббірлік, ал циклинге тәуелді киназалар – катализдік суббірліктер болып табылады. Каждый из периодов Митоздық циклдың әр бір кезеңі арнайы Ц+ЦЗК кешенімен реттеледі.

Митоздық циклдың дұрыс өтуін 4 салыстыру нүктесі интерфаза кезеңіндегі  $G_1$ ,  $G_2$ , S және митоздың метафазасы бақылайды (check - point). Жасушаның митозға түсуі немесе тоқтауы жасушаның бөлінуін стимулдайтын немесе басып тастайтын гендермен реттеледі.

Жасушаның тіршілік ұзақтығы көптеген факторларға тәуелді: ағзаның түрлік және арнайы қымет ету ерекшелігіне және т. б.

Жасушаның «қартаюының» соңғы нәтижесі оның табиғи өліміне әкеледі, апоптозға.

Апоптоз – бұл жасушаның табиғи генетикалық бағдарланған өлім процессі. Бұл бірнеше

сатыда өтетін динамикалық процесс.

Апоптоз генетикалық бақыланатын процесс болып табылады. Оған арнайы фермент – казпазаның синтезін бақылайтын гендер болады. Казпаздың белсенділігі активатор және ингибитор гендерімен бақыланады.

Апоптоз процессіне арнайы «апоптоздық» ядролық эндонуклеазалар қатысады.

Апоптоз процессінде негізгі рөлді р53 ақуызы атқарады.

Апоптоз механизмінің негізінде жасушаның генетикалық материалының зақымдалған жерін танып түзету, жасушаның элиминациясы мен жасушаның және жалпы ағзаның қалыпты тіршілігін қамтамасыз ету жатыр.

**4. Көрнекілік материал:** мультимедиялық дәріс № 4.

### **5. Әдебиеттер:**

#### ***Негізгі:***

- 5.1. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006.
- 5.2. Гинтер Е. К. Медицинская генетика. М., 2003.
- 5.3. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2007.
- 5.4. Муминов Т.А., Куандықов Е.У. Основы молекулярной биологии (курс лекций). А., 2007.
- 5.5. Мушкамбаров Н.Н., Кузнецов С.Л. Молекулярная биология. М., 2003.
- 5.6. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006.
- 5.7. Қазымбет П.Қ., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. А., 2002.
- 5.8. Куандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006.

#### ***Қосымша:***

- 5.9. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л. Ньюсбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010.
- 5.10. Куандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық-генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012.

### **6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс):**

- 6.1. Жасушалық циклға сипаттама.
- 6.2. Митоздық циклға сипаттама.
- 6.3. Митоздық циклдың реттелу механизмдері.
- 6.4. Жасушалық циклдың бақылану механизмдері.
- 6.5. Жасуша пролиферациясының медицинадағы маңызы.
- 6.6. Апоптоз процессінің даму себептері.
- 6.7. Апоптоз сатылары.
- 6.8. Апоптоз процессіне қатыстытын гендер (ақуыздар).
- 6.9. Апоптоздың медицинадағы маңызы.

## № 5 дәріс

### 1. Тақырыбы: Онкогенетика

**2. Мақсаты:** студенттерде қатерлі ісік жасушаларының трансформациялануының себептері мен дамуының генетикалық механизмдері туралы заманауи білімдерін қалыптастыру. Студенттерде адам ағзасының дәрілік заттарға жеке реакциясының генетикалық негіздері туралы білімдерін қалыптастыру.

### 3. Дәріс тезистері:

- 3.1. Канцерогенез, анықтамасы, ісік жасушаларының трансформациялану кезеңдері. 2. Канцерогендік факторлар, жіктелуі, сипаттамасы.
- 3.2. Протоонкогендер, онкогендер, сипаттамасы, олардың канцерогенездегі рөлі.
- 3.3. Вирустық онкогенез.
- 3.4. Ісіктің супрессорлық гендері (ICG), сипаттамасы.
- 3.5. Қатерлі ісікті жасушалардың қасиеттері және биологиялық ерекшеліктері.
- 3.6. Фармакогенетиканың қазіргі кездегі медицинадағы және фармациядағы маңызы.
- 3.7. Дәрілік препараттар метаболизмінің генетикалық бақылануы.
- 3.8. Дәрілік препараттарды қабылдаудан кейін үдейтін тұқым қуалайтын арулар және жағдайлары.

Канцерогенез - қалыпты жасушаның қатерлі жасушаға айналуы, жасушаның бласттрансформация процесі.

Қалыпты жасушаның трансформацияланған жасушаға ауысуы көп сатылы процесс.

1. Инициация. Әрбір ісік жеке жасушаның ДНҚ-ның бұзылуынан басталады. Бұл генетикалық дефектіні канцерогендер немесе онкогендік вирустар тудыруы мүмкін. Адам ағзасында тіршілік барысында адам ағзасындағы жасушаларының ДНҚ зақымдануы жүреді. Ісіктік инициациясына протоонкогендердің зақымдануының өзі ғана жеткілікті. Осы зақымданудың өзі-ақ сома жасушалардың ісік жасушаларына ауысуын анықтайтын өте маңызды фактордың бірі болып табылады. Ісіктік инициациясына антионкогеннің (онкосупрессор-гені) зақымдануы да алып келуі мүмкін.
2. Ісіктің промоциясы ісік-тудырушы факторлармен зақымданған жасушалардың көбеюіне алып келеді. Бұл процесс көп жылдарға созылуы мүмкін.
3. Ісіктің прогрессиясы — бұл өзгерген жасушалардың көбеюі, инвазиясы, метастаздар қатерлі ісіктің пайда болуына әкеледі.

Ісік жасушаларының трансформациялануына алып келетін әр түрлі орта факторларын канцерогендік факторлар, деп атайды.

Канцерогендік қасиеттері бар физикалық факторлар (радиация), химиялық факторлар (ауыр металдардың тұздары, қышқылдар), биологиялық факторлар (вирустар).

Жасушалардың бөлінуі мен өсуін реттейтін «қалыпты» ген протоонкогендердің ісік



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

жасушаларына өтуі, онкогенге айналуы ісік жасушаларының негізгі механизмдерінің бірі болып отыр.

Кейбір вирустардың геномында онкогендер болады. Ағзаның вирусты инфекцияны жұқтыруы және онкогенді тасамалдаушы вирус геномы жасушаның генетикалық материалына ісіктің трансформациялануын іске қосатын күрделі және ұзақ процесс.

Қатерлі ісік жасушаларының негізгі қасиеттерінің бірі оның бақылаусыз бөлінуі, моноклондылығы және ісіктің өсуінің автономдылығы.

Фармакогенетика ағзаның дәріге жеке реакциясының генетикалық факторларының рөлін зерттейді. Ағзаның реакциясы бір жұп генмен (моногенді бақылану) , көптеген гендермен (полигенді бақылану) генетикалық бақыланады. Қазіргі уақытта бес препараттың метаболизмі моногенді бақыланатындығы анықталынған. Көптеген дәрілік препараттардың метаболизмі бір генмен емес көптеген гендермен бақыланады.

#### 4. Көрнекілік материал: мультимедиялық дәрістер № 5.

#### 5. Әдебиеттер:

##### Негізгі:

- 5.1. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006.
- 5.2. Муминов Т.А., Куандықов Е.У. Основы молекулярной биологии (курс лекций). Алматы, 2007.
- 5.3. Мушкхамбаров Н.Н., Кузнецов С.Л. Молекулярная биология. М., 2003.
- 5.4. Фаллер Д.М., Шилдс Д. Молекулярная биология клетки. М., 2003.
- 5.5. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. М., 2001.
- 5.6. Бочков Н.П. Клиническая генетика. М., 2006.
- 5.7. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006.
- 5.8. Муминов Т.А., Куандықов Е.У. Основы молекулярной биологии (курс лекций). Алматы, 2007.
- 5.9. Фогель Ф., Мотульски А. Генетика человека. М., 1990.
- 5.6. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006.

##### Қосымша:

- 5.10. Введение в молекулярную медицину. Под ред. Пальцева М.А. М., 2004.
- 5.11. 6.8. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л. Ньюсбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010.
- 5.12. 6.9. Куандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ө. Негізгі молекулалық-генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012.

#### 6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс):

- 6.1. Протоонкогендер деген не?
- 6.2. Қандай жағдайларда протоонкогендер онкогендерге айналады?
- 6.3. Канцерогенез кезінде жасушаның бөліну ерекшелігі қандай?
- 6.4. Контакталық тежелу деген не?
- 6.5. Вирусты онкогенездің механизмдері қандай?
- 6.6. Дәрілік препараттар қоздыратын тұқым қуалайтын аурулар.
- 6.7. Дәрілік препараттар метаболизмінің генетикалық бақылануы.



## **ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ**

### **МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ**

#### **ПРАКТИКАЛЫҚ (СЕМИНАРЛЫҚ) САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**КУРС: 1**

**ПӘН : МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ ГЕНЕТИКА**

**ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: кафедра оқытушылары**



## 2013 ЖЫЛ

Кафедра отырысында талқыланып бекітілді «04» маусым 2013 ж., хаттама № 17.

Кафедра меңгерушісі, профессор

Қуандықов Е. Ө.

## 1 сабақ

### 1. Тақырыбы: Тұқымқуалаушылық, тұқым қуалау, тұқым қуалау типтері.

**2. Мақсаты:** Студенттерде гендер бақылуынан қалыптасатын тұқымқуалаушылықтың мәні мен белгілердің (аурулардың) тұқым қуалауы туралы білім және түсінікті және дәрігерлер практикасында тұқым қуалайтын ауруларды анықтау үшін пайдалануды қалыптастыру

### 3. Оқытудың міндеттері:

- студенттерді кафедраның политикасымен таныстыру
- студенттердің бастапқы білімдерін анықтау
- адам тіршілігінің негізі тұқымқуалаушылық екендігін және оның тұқымқуалайтын аурулардың пайда болуындағы маңызын анықтау
- студенттерді генетиканың негізгі терминдері мен ұғымдарымен таныстыру және олардың практикалық медицинадағы маңызын түсіндіру
- студенттерді белгілердің (аурулардың) негізгі тұқым қуалау типтерімен таныстыру
- алған білімдері негізінде аурулардың тұқымқуалайтын сипатын және олардың тұқым қуалау типін анықтауды үйрету.

### 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

4.1. Генетика пәні, міндеттері және әдістері. Генетиканың медицинадағы маңызы.

4.2. Генетиканың негізгі ұғымдары: тұқымқуалаушылық ядролық, цитоплазмалық, митохондриялық, аллельді, аллельді емес гендер, локус, генотип, фенотип, гомозигота, гетерозигота, гемизигота, доминанттылық, рецессивтілік, талдауы ағылыстыру

4.3. Г. Мендель ашқан тұқым қуалау заңдылықтары және олардың цитологиялық негіздері.

4.4. Тұқым қуалау, анықтамасы. Тұқым қуалаудың негізгі типтері: моногенді, полигенді, ауtosомды, Х тіркескен доминантты, жыныс хромосомаларымен тіркескен (жыеыспен).

4.5. Генетиканың медицинадағы маңызы.

### 5. Сабақ оқу және оқыту әдістері:

- студенттердің сабақтың мәнін, мақсатын және міндеттерін түсінгенін, қысқа, анық, жүйелі



сөйлеуге және түсінген материалын сызба иұсқа, график, сурет түрінде көрсетуге қабілетін анықтауға бағытталған ауызша сұрау.

## 6.Әдебиет:

### Негізгі:

- 6.1. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. Алматы, 2006, б. 20-30.
- 6.2. Куандықов Е.У. Основы общей и медицинской генетики. Алматы, 2008, с.8 – 19.
- 6.3. Куандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық – генетикалық терминдердің орысша – қазақша сөздігі. Алматы, 2012, 112 б.
- 6.4. Медицинская генетика. Под ред. Бочкова Н.П.. М., 2010, с.129 – 163.
- 6.5. Медицинская генетика. Под ред. Бочкова Н.П.. М., 2004, с. 30-33.
- 6.6. Медицинская биология и генетика. Под ред. Куандықова Е.У., А., 2004, с. 81-98.

### Қосымша:

- 6.7. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. М., 2001. Кн. 1 с. 222-233.
- 6.8. Генетика. Под ред. Иванова В.И, М., 2006, с. 116-125.
- 6.9. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск., 2010, с.9 – 34.
- 6.10. Заяц Р.Г. Общая и медицинская генетика. Р-на-Д., 2002, с. 76-80, 84-87.
- 6.11. Роберт Л.Н., Родерик Р., Мак-Иннес., Хантингтон Ф. Виллард. Медицинская генетика.

## 7. Бақылау:

### 7.1. Когнитивтік күзіреттілікті бағалау:

- 7.1.1. Ауызша жауаптарды бағалау
- 7.1.2. Тестік тапсырмалар бойынша бақылау

### 7.2. Практикалық күзіреттілікті бағалау:

- 7.2.1. Альбомға адамның гомологты және гомологты емес хромосомаларын салу.
- 7.2.2. Альбомға аллель және аллель емес гендерді салу.
- 7.2.3. Альбомға доминантты және рецессивті гендер бойынша гомозиготтардың генотиптерін, гетерозиготтарды, гемизиготтарды салу.
- 7.2.4. Альбомға талдаушы шағылыстырудың суретін салып, ата– аналар және бірінші гибридтік ұрпақтың генотиптерін және гаметалар типтерін салу.
- 7.2.5. Альбомға аутосомды және жыныс хромосомаларымен тіркес тұқым қуалауды салу.
- 7.2.6. Альбомға тәуелсіз тұқым қуалайтын гендердің (белгілердің) моно -, ди – және поли (три) – гибридті шағылыстыруын салып, ата– аналар бірінші және екінші гибридтік ұрпақтардың генотиптерін және гаметалар типтерін көрсету.

### 7.3. Өзін-өзі жетілдіру күзіреттілігін бағалау:

- 7.3.1. «Адамның жыныс генетикасы» тақырыбына дайындалған презентацияны бірінші шекаралық бақылауға дейін тапсыру.

### Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
---------------	--------------	-----------------

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

<p><b>Тұқымқуалаушылық</b> – тірі ағзалардың генетикалық материалдарының (гендерінің) структуралық–функционалық құрылымын ұрпақтан ұрпаққа беру және қайта өндіретін фундаменталды қасиеті.</p>	<p><b>Наследственность</b> – фундаментальное свойство живых организмов передавать и воспроизводить структурно – функциональную организацию генетического материала (генов) из поколения в поколение</p>	<p><b>Heredity is</b> fundamental property of living organisms and pass and reproduce structural and functional organization of genetic material (genes) from generation to generation</p>
<p><b>Тұқым қуалау</b> – ағзалардағы генетикалық ақпараттың (тұқым қуалайтын факторлардың) бір ұрпақтан келесісіне берілуі.</p>	<p><b>Наследование</b> – формы (пути) передачи генетической информации (генов) из поколения – в поколение</p>	<p><b>Inheritance</b> – forms (ways) of passing genetic information (genes) from generation to generation</p>
<p><b>Генотип</b>– хромосомалардың диплоидтық жиынтығындағы генетикалық материалдың (гендердің) жиынағы</p>	<p><b>Генотип</b> – совокупность генетического материала (генов), содержащихся в диплоидном наборе хромосом полученных особью от родителей.</p>	<p><b>Genotype</b> – genetic material (genes) containing in diploid set of chromosomes</p>
<p><b>Фенотип</b> – генмен (генотиппен) бақыланатын сыртқы белгілердің жиынтығы</p>	<p><b>Фенотип</b> – совокупность внешних признаков организма, контролируемых генами (генотипом)</p>	<p><b>Phenotype</b> – set of all signs and properties of the organism which are forming in The course of realization of an individual genotype.</p>
<p><b>Доминанттылық</b> – белгінің гомо – және гетерозиготалық жағдайда көрінуі. Доминантты ген (белгі) бас әріппен (А, В,С...) белгіленеді</p>	<p><b>Доминантность</b> – проявление признака в гомо – и гетерозиготном состоянии. Доминантный ген (признак) обозначается заглавной буквой (А, В,С...)</p>	<p><b>Dominancy</b> – displaying of sign in homo – and heterozygotes. Dominant gene (sing) designates by designatecapital letter (А,В,С...)</p>
<p><b>Рецессивность</b> – белгінің гомо – немесе гемизиготалық жағдайда көрінуі. Рецессивті ген кіші әріппен (а,в,с...) белгіленеді.</p>	<p><b>Рецессивность</b> – проявление признака в гомо – или гемизиготном состоянии. Рецессивный ген обозначается строчной буквой (а,в,с...)</p>	<p><b>Recessivness</b> displaying of sign in homo – or hemizygotes. Recessive gene (sign) designate by small letter ((а,в,с...))</p>

Құрастырушы: Қ.С.Нұртаева

## № 2 сабақ

### 1. Тақырыбы: Белгілердің тіркес тұқым қуалауы

**2. Мақсаты:** практикалық медицинада қолдану мақсаты үшін студенттерде гендердің (белгілердің) тіркес тұқымқуалауының мәні туралы білімдерін және түсініктерді қалыптастыру.

### 3. Оқытудың міндеттері:

- Т. Морган ашқан тұқымқуалаушылықтың хромосомдық теориясының мәнін түсіндіру
- тұқымқуалаушылықтың хромосомдық теориясын құрастырудың негізі болатын Т.Морган және оның әріптестерінің жүргізген тәжірибелерінің мәнін түсіндіру
- тіркес тұқымқуалаудың, тіркесу топтары, толық тіркесу, толық емес тіркесу терминдерінің мәндерін түсіндіру
- гендерді карталау және хромосоманың генетикалық картасын құрастырудың мәнін түсіндіру
- тіркес тұқымқуалаудың медицинадағы маңызын түсіндіру

### 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 4.1. Тұқымқуалаушылықтың хромосомдық теориясы, негізгі қағидалары және олардың дәлелдемелері.
- 4.2. Аутосомдық және гоносомдық тіркесу топтарының тұқым қуалау ерекшеліктері.
- 4.3. Адам белгілерінің (ауруларының) тіркес тұқым қуалау ерекшеліктері және оның медицинадағы маңызы.
- 4.4. Хромосомдарды генетикалық карталау, хромосомдардың генетикалық картасын құрастыру ұстанымдары.

### 5. Сабақ оқу және оқыту әдістері:

- студенттердің сабақтың мәнін, мақсатын және міндеттерін түсінгенін, қысқа, анық, жүйелі сөйлеуге және түсінген материалын сызба иұсқа, график, сурет түрінде көрсетуге қабілетін анықтауға бағытталған ауызша сұрау.

### 6. Әдебиет:

#### Негізгі:

- 6.1. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. Алматы, 2006, б. 23-27.
- 6.2. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006, с. 116-125.
- 6.3. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006, с. 35-39, 55-57.
- 6.4. Медициналық биология және генетика. Студенттерге арналған оқу құрал. Проф. Қуандықовтың Е.Ө. редакциялауымен. Алматы, 2004, с. 98-101.
- 6.5. Қуандықов Е.Ө. Жалпы және медициналық генетиканың негіздері (дәрістер жинағы). Алматы,

2009, б.15-36.

*Қосымша:*

- 6.6. Алиханян С.И., Акифьев А.П., Чернин Л.С. Общая генетика М., 1 том, 1985, с. 53-56.  
 6.7. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. М., кн. 1, 81-98.  
 6.8. Дориан Дж. Притчард, Брюс Р. Корф. Наглядная медицинская генетика. Перевод с английского под редакцией акад. РАМН Н.П.Бочкова. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2009, с.42-60.  
 6.9. Заяц Р.Г., Бутвиловский В.Э. и др. Общая и медицинская генетика. Р-на- Дону.,2002, с. 76-80, 84-87.  
 6.10. Вопросы и задачи по общей биологии и общей и медицинской генетике (с пояснениями). Под ред. проф. Иткеса А.В. М., 2004, с. 68-83.  
 6.11. Инге-Вечтомов С.Г. Генетика с основами селекции. М., 1989, с. 23-54.  
 6.12. Роберт Л.Н., Родерик Р., Мак-Иннес., Хантингтон Ф. Виллард. Медицинская генетика. Под ред. Бочкова Н.П. М., «ГЭОТАР-Медиа», 2010, с. 203-205

## 7. Бақылау:

### 7.1. Когнитивті компетенция (білім)

- 7.1.1. Ауызша сұрау бойынша бағалау  
 7.1.2. Тестік бақылау

### 7.2. Практикалық дағдыны бағалау

- 7.2.1. Альбомға Т.Морганның *Drosophila melanogaster* шыбынының көздері түсінің тұқым қуалауы бойынша тәжірибелерін салу.  
 7.2.2. Альбомға Т.Морганның толық тіркесу, толық емес тіркесудегі шыбын денесінің түсі мен қалыпты қанат бойынша талдаушы шағылыстыруды сызу (ұрғашы - дигетерозиготалы, аталық-дигомозиготалы; аталық - дигетерозиготалы, аналық- дигомозиготалы).  
 7.2.3. Альбомға екі дараның шағылыстыруын салу: доминантты және рецессивті 2 аллель гендердің тәуелсіз және тіркес тұқым қуалауы бойынша ата-аналардың, бірінші және екінші ұрпақтардың генотиптерін және гаметалар типтерін.  
 7.2.4. Альбомға тіркесу тобының суретін салу және А,В,С,Д гендерін орналастыру, А және В - арақашықтығы 15 морганид, В және С - 25 морганид, А және Д - 40 морганид.

## Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Тіркес тұқым қуалау - бір хромосомада (тіркесу тобында), ара қашықтығы 50 морганидтен азырақ орналасқан гендердің бірге тұқым қуалауы	Сцепленное наследование - совместное наследование генов, расположенных в одной хромосоме (группе сцепления), на расстоянии менее 50 морганид	Linked inheritance - joint inheritance of genes, located in one chromosome (link group) on the distance to 50 morganids
Тіркесу топбы - бір хромосомада орналасқан гендер тіркесу тобын құрайды, тіркесу топбының саны хромосомалардың гаплоидтық жиынтығына тең	Группа сцепления - гены расположенные в одной хромосоме, число групп сцепления равно гаплоидному набору хромосом	Link group - genes located in one chromosome, number of link group equal to haploid sets of chromosomes
Жыныспен тіркесіп тұқым қуалау - жыныс хромосомаларында орналасқан	Наследование, сцепленное с полом - наследование генов, расположенных в половых	Sex - linked inheritance - inheritance of genes, located in sex chromosome



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

гендердің тұқым қуалауы	хромосомах	
<b>Кроссинговер</b> , хромосомалардың учаскелерімен (гендерімен) мейозе I алмасуы	<b>Кроссинговер</b> , обмен участками хромосом (генами) в мейозе I	<b>Crossingover</b> - exchange of parts of chromosomes (genes) during meiosis I

Құрастырған: Нуртаева К.С.

### № 3 сабақ

#### 1. Тақырыбы: Гендер әсері. Генотип, фенотип

**2. Мақсаты:** генотиптегі гендер әсерінің мәні мен негізін түсіну үшін белгілермен (фенотиппен) бақыланатын гендер (генотип) арасындағы өзара әсері жайлы студенттерде білімді қалыптастыру.

#### 3. Оқытудың міндеттері:

- генотип, фенотип, аллельді және аллельді емес гендер терминдерінің түсінігін студенттерде қалыптастырып, түсіндіріп, сипаттау
- сау және тұқым қуалайтын аурулармен ауыратын адамдардың сыртқы (фенотиптік, клиникалық) белгілерінің дамуының генетикалық механизмдерін ашу
- фенотиптік белгілердің дамуына аллельді және аллельді емес гендердің әсерінің рөлін көрсету
- тұқым қуалайтын патологияның клиникалық белгілерінің дамуын түсіндіру үшін науқас (генотипіндегі) ағзасындағы гендер әсерінің механизмдері мен типтері жайлы білімнің мәнін түсіндіру

#### 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 4.1. Генотип, фенотип: анықтамасы, өзара әсері.
- 4.2. Аллельді гендердің өзара әсерлесуі: толық доминанттылық, толымсыз доминанттылық, аса жоғарғы доминанттылық, кодоминанттылық.
- 4.3. Көптік аллельдер. АВО жүйесі бойынша қан топтарының генетикасы. Медициналық маңызы.
- 4.4. Аллельді емес гендердің өзара әсерлесуі: комплементарлық, эпистаз, полимерия.
- 4.5. Пенетранттылық, экспрессивтілік. Плейотропия.
- 4.6. Фенотиптік белгілердің дамуына гендер әсерінің рөлі мен маңызы.

#### 5. Оқытудың әдістері: топпен жұмыс жасау, әңгімелесу

#### 6. Әдебиеттер:

*Негізгі:*

- 6.1. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006, с.82-115.
- 6.2. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006, с. 35-39, 55-57.
- 6.3. Медицинская биология и генетика. Учебное пособие для студентов под ред. проф. Куандыкова Е.У. Алматы, 2004, с. 104-115.
- 6.4. Куандықов Е.Ө. Жалпы және медициналық генетика негіздері (дәрістер жинағы). Алматы, 2009, с. 98-104.
- 6.5. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006, 126-140 б.
- 6.6. Қазымбет П.Қ., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. А., 2002, 118-133 б.

- 6.7. Қуандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006, 39-45 б.
- 6.8. Медициналық биология және генетика. Оқу құралы проф. Қуандықов Е.Ө. ред. А., 2004, 103 - 113 б.
- Қосымша:*
- 6.9. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. М., кн. 1, 2001, с. 234 - 242.
- 6.10. Заяц Р.Г., Бутвиловский В.Э. и др. Общая и медицинская генетика. Р-на- Дону., 2002, с.106-116.
- 6.11. Вопросы и задачи по общей биологии и общей и медицинской генетике (с пояснениями). Под ред. проф. Иткеса А.В. М., 2004, с. 68-83.
- 6.12. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л.Ньюссбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард; пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010, с. 203-205
- 6.13. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық-генетикалық терминдердің орысша - қазақша сөздігі. Алматы, 2012, 112б.

## 7. Бақылау:

### 7.1. Құзыреттілікті бағалау – білім.

- 7.1.1. Тақырыптың сұрақтары бойынша ауызша сұрау.
- 7.1.2. Тесттік бақылау – 10 сұрақтан 3 нұсқа.

### 7.2. Құзыреттілікті бағалау – тәжірибиелік дағды.

- 7.2.1. Аллельді гендерді және аллельді гендердің өзара әсерлесу түрлерін сипаттап, көрсетіңіз
- 7.2.2. Қояндардың терісінің түсін мысалға келтіре отырып көптік аллелдерді сипаттап, олардың генотиптері мен фенотиптерін жазыңыз
- 7.2.3. АВО жүйесі бойынша қан топтарының көптік аллельдерін сипаттап, көрсетіңіз
- 7.2.4. Аллельді емес гендерді, олардың өзара әсерлесу түрлерін сипаттап, көрсетіңіз

### 7.3. Өзін өзі жетілдіру дағдыны бағалау

«АВО жүйесі бойынша адамның қан топтарының генетикасы» тақырыбы бойынша СӨЖ –ді презентация түрінде дайындау және «Жалпы генетика негіздері» бөлімі бойынша аралық бақылауға дейін тапсыру

### 7.4. Бақылау сұрақтары:

- 7.4.1. Генотип және фенотип арасындағы байланыс.
- 7.4.2. Аллельді гендердің аллельді емес гендерден айырмашылығы?
- 7.4.3. Аллельді гендердің әсерлесу типтері
- 7.4.4. Аллельді емес гендердің әсерлесу типтері
- 7.4.5. Тұқым қуалайтын аурулардың фенотиптік (клиникалық) белгілерінің көрініс беруіндегі гендер әсерінің маңызы.

### Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Аллель – гениң екі немесе одан да көп альтернативті түрлерінің бірі	Аллель – одна из двух или большего числа альтернативных форм одного гена	Allele – each of two or more alternative forms of the same gene
Генотип – ағзадағы хромосомалардың диплоидтық жиынтығында	Генотип – совокупность генов (генетического материала), содержащаяся в диплоидном	Genotype - entire set of <a href="#">genes</a> in an <a href="#">organism</a>



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

орналасқан барлық гендер (генетикалық материал)	наборе хромосом организма	
<b>Фенотип</b> – генетикалық факторлармен бақыланатын жеке белгі немесе гендермен бақыланатын ағзаның сыртқы белгілерінің жиынтығы	<b>Фенотип</b> – внешние признаки организма, контролируемые генетическими факторами	<b>Phenotype</b> – set of all characteristics and traits of an organism
<b>Доминанттылық</b> – гетерозиготалық жағдайда аллельдің (геннің) және оның бақыланатын белгінің көрініс беруі	<b>Доминирование</b> – проявление аллеля (гена) и контролируемого им признака в гетерозиготном состоянии	<b>Dominance</b> – expression of allele and trait controlled by allele in heterozygous state
<b>Толық доминанттылық</b> – доминанттық ген рецессивтік геннен толық басым тусуі (AA=Aa)	<b>Полное доминирование</b> – если доминантный ген подавляет полностью рецессивный ген (AA=Aa)	<b>Complete dominance</b> – when dominant gene completely inhibits recessive gene (AA=Aa)
<b>Толымсыз доминанттылық</b> – егер рецессивтік ген доминантты геннің фенотиптік көрінісіне әсер етуі (AA>Aa>aa)	<b>Неполное доминирование</b> – если рецессивный ген оказывает влияние на фенотипическое проявление доминантного гена (AA>Aa>aa)	<b>Incomplete dominance</b> - when recessive gene has an impact on the phenotypic expression of a dominant gene (AA>Aa>aa)
<b>Кодоминанттылық</b> – екі доминанттық аллельдік гендердің гетерозиготалық жағдайда біріккен фенотиптік көрінісі	<b>Кодоминирование</b> – совместное фенотипическое проявление двух доминантных аллельных генов в гетерозиготном состоянии	<b>Co-dominance</b> – cooperative phenotypic expression of two dominant alleles in heterozygous state

Құрастырған: С.Қ.Әлмұхамбетова

## № 4 сабақ

### 1. Тақырыбы: Онтогенездік дамудың жасушалық механизмдері

**2. Мақсаты:** адамның онтогенездік дамуын қамтамасыз ететін негізгі механизмдері мен үдерістері жайлы түсінікті және білімді студенттерде қалыптастыру, тәжірибеде теориялық білімді қолдануды үйрету.

### 3. Оқытудың міндеттері:

- онтогенездің және онтогенез кезеңдерінің мәнін ашу
- қалыпты онтогенездік даму үшін гаметогенез бен ұрықтанудың маңызы мен рөлін ашу
- қалыпты онтогенездік даму үшін жұмыртқа жасушасының полярлылығы, ооплазмалық сегрегация, позициялық ақпарат, детерминация, дифференциация, эмбрионалдық индукцияның маңызын және мәнін ашу
- қалыпты онтогенездік даму үшін жасуша үрдістерінің: көбею (пролиферация), миграция, таңдамалы сұрыпталу және апоптоздың маңызы мен мәнін ашу.
- клиникалық көзқарас бойынша адам ағзасының жатыршілік даму сатыларын түсіндіру
- тәжірибе барысында теориялық білімді қолдануды студенттерге үйрету

### 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

4.1. Онтогенез: анықтамасы, кезеңдері.

4.2. Онтогенездің алғашқы кезеңдері: гаметогенез, ұрықтану, жұмыртқа жасушасының полярлылығы, ооплазматикалық сегрегация, позициялық ақпарат, детерминация, дифференциация, эмбрионалдық индукция.

4.3. Онтогенездің жасушалық механизмдері:

а) жасушаның бөлінуі (пролиферациясы)

б) жасушаның ағымы (миграциясы)

в) жасушаның сұрыпталуы

г) жасушаның өлімі (апоптоз)

4.4. Адамның дамуы кезінде туа біткен ақаулықтардың пайда болуында онтогенездің жасушалық механизмдерінің бұзылуының ролі.

### 5. Оқытудың әдістері: топпен жұмыс жасау, әңгімелесу

### 6. Әдебиеттер:

*Негізгі:*

6.1. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006, с.369-389.

6.2. Қуандықов Е.Ө. Жалпы және медициналық генетика негіздері (дәрістер жинағы). Алматы, 2009, с. 54-71.



- 6.3. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006, 126-140 б.
- 6.4. Қазымбет П.Қ., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. А., 2002, 118-133 б.
- 6.5. Қуандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006, 39-45 б.
- 6.6. Медициналық биология және генетика. Оқу құралы проф. Қуандықов Е.Ө. ред. А., 2004, 208-227 б.
- 6.7. Генетика. Под ред. Иванова В. И.; М., 2006, с. 291-314

*Қосымша:*

- 6.8. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. Кн. 1. М., 2001, с. 276-415.
- 6.9. Корочкин Л.И. Введение в генетику развития. М., 1999, 252 с.
- 6.10. Нуртазин С.Т., Всеволодов Э.Б. Биология индивидуального развития. А., 2005, 260 с.
- 6.11. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л.Ньюсбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010, с. 254-259, 355-379
- 6.12. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық - генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012, 112с.

## **7. Бақылау:**

### **7.1. Құзыреттілікті бағалау – білім.**

7.1.1. Тақырыптың сұрақтары бойынша ауызша сұрау.

7.1.2. Тесттік бақылау – 10 сұрақтан 3 нұсқа.

7.1.3. Ситуациялық есептерді шығару

7.1.3.1. Нәресте туылған кезде жұлынның ортаңғы бөлігі бітіспеген. Онтогенездегі қандай жасушалық механизмдер бұзылды?

7.1.3.2. «Жырық таңдай» ақаулығында қандай жасушалық механизмдер бұзылады?

7.1.3.3. Синдактилия кезінде қандай жасушалық механизмдер бұзылады?

7.1.3.4. Мүшелердің толық жетілмеуі мен дұрыс орналаспауының негізінде қандай элементарлық жасушалық процестердің бұзылуы жатады?

### **7.2. Тәжірибелік дағдыны бағалау құзіреттілігі**

7.2.1. Онтогенездің клиникалық кезеңдерінің сызбасын сызып, түсіндіріңіз.

7.2.2. Онтогенездің алғашқы кезеңдерінің: жұмыртқа жасушасының полярлығы, ооплазмалық сегрегация, позициялық ақпарат, детерминация, дифференциацияның сызбасын сызып, мәнін түсіндіріңіз.

7.2.3. Онтогенездің жасушалық механизмінің сызбасын сызып, түсіндіріңіз.

### **7.3. Өзін – өзі жетілдіру құзіреттілігі:**

7.3.1. «Қартаюудың молекулалық – генетикалық механизмдері» тақырыбы бойынша реферат түрінде СӨЖ дайындау, «Жалпы генетика негіздері» бөлімі бойынша аралық бақылауға дейін тапсыру

7.3.2. «Бағаналы жасушалар және олардың медициналық маңызы» тақырыбы бойынша презентация түрінде СӨЖ дайындау, «Жалпы генетика негіздері» бөлімі бойынша аралық бақылауға дейін тапсыру

### **7.4. Бақылау сұрақтары:**

7.4.1. Жұмыртқа жасушасының полярлығы дегеніміз не?.

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

7.4.2. Позциялық ақпарат қай жерде байқалады?

7.4.3. Бөлшектену арқылы жасушалардың бөлінуінің ерекшелігі неде?

7.4.4. Онтогенездің жасушалық механизмдерінің бұзылысына байланысты ақаулықтарды мысалға келтіріңіз

Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
<b>Апоптоз</b> – бағдарланаған жасушалық өлім, жасушалардың физиологиялық өлімі	<b>Апоптоз</b> – программированная клеточная физиологическая гибель клеток	<b>Apoptosis</b> - process of <u>programmed cell death</u> , physiological cell death
<b>Онтогенез</b> – жеке ағзаның (дараның) даму үрдісі	<b>Онтогенез</b> – процесс индивидуального развития особи (организма)	<b>Ontogenesis</b> – process of individual organism development
<b>Ооплазмалық сегрегация</b> – ооплазманың әртүрлі аймақтарында (сегменттерінде) биологиялық белсенді заттардың теңдей емес таралуына және ооциттің ана ағзасында күйіне байланысты жұмыртқа жасушасының цитоплазмасының әртектілік құбылысы; ооплазмалық сегрегация ооплазманың әртүрлі аймақтарында орналасқан жасушалар бастамасынан әртүрлі мүшелердің және ұлпалардың қалыптасуына алып келеді	<b>Ооплазматическая сегрегация</b> – явление неоднородности цитоплазмы яйцеклетки, обусловленное неравномерным распределением биологически активных веществ в различных участках (сегментах) ооплазмы и положением ооцита в материнском организме; ооплазматическая сегрегация приводит к формированию различных органов и тканей из зачатков клеток, расположенных в разных участках ооплазмы	<b>Ooplasmic segregation</b> - egg cytoplasm heterogeneity phenomenon caused by unequal distribution of biologically active substances in different parts of ooplasm and oocyte position in maternal organism
<b>Детерминация</b> – жіктелмеген жасушалар (бастамалар) тобының даму бағытын таңдау нәтижесінде жіктелген жасушаларға айналуының онтогенетикалық үрдісі	<b>Детерминация</b> – онтогенетический процесс выбора направления развития группы недифференцированных клеток (зачатка) с последующим их превращением в дифференцированные клетки	<b>Determination</b> - ontogenetic direction selecting process of undifferentiated cells group followed by their transformation into differentiated cells
<b>Позициялық ақпарат</b> – қоршаған ооплазмадан болашақ мүшелердің бастама-жасушаларынан алатын ақпарат; осыған сәйкес жасушалар белгілі бағытта дамиды (детерминацияланады)	<b>Позиционная информация</b> – информация, получаемая клетками-зачатками будущих органов из окружающей их ооплазмы; в соответствии с ней клетки развиваются в определенном направлении	<b>Positional information</b> – information obtained from ooplasm by organ's germ cells



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

және нәтижесінде белгілі бір мүше қалыптасады)	(детерминируются и формируют в итоге тот или иной орган)	
--	--	--

Құрастырған: С.Қ.Әлмұхамбетова

## № 5 сабақ

**1. Тақырыбы:** Дамудың туа біткен ақаулықтары, себептері, жіктелуі, медициналық маңызы

**2. Мақсаты:** дамудың туа біткен ақаулықтарының себебі, даму механизмдері, диагноз қою және алдын алу жайлы және заманауи медицинада, денсаулық сақтауда олардың рөлі жайлы студенттерде білімдерін қалыптастыру.

### 3. Оқытудың міндеттері:

- студенттерді тератология, тератогендік факторлар, тератогенді терминациялық кезеңдер, дамудың туа біткен ақаулықтары, микроаномалиялардың дамуы және туа біткен кемістіктер, эмбриопатия, фетопатия терминдерімен таныстыру
- дамудың туа біткен ақаулықтарының қалыптасуында генетикалық факторлардың рөлін ашу
- дамудың туа біткен ақаулықтарының қалыптасуындағы орта факторлардың рөлін ашу
- адамның онтогенезіндегі қауіпті кезеңдерінің маңызы мен мәнін ашу
- мультифакторлық дамудың туа біткен ақаулықтарының қалыптасуындағы ішкіорта факторларының және генетикалық өзара әсерлерінің рөлін ашу
- студенттерді дамудың туа біткен ақаулықтарының Қазақстанның денсаулық сақтаудағы перинатальды және жаңа туылған нәрестелердің өлім - жітім көрсеткіштері үлесіндегі маңызымен таныстыру
- дамудың туа біткен ақаулықтарын алдын-алудағы салауатты өмір салтының маңызы мен рөлін көрсету
- студенттерді дамудың туа біткен ақаулықтарына диагноз қою және алдын алудың заманауи әдістерімен таныстыру.

### 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 4.1. Дамудың туа біткен ақаулықтары: анықтамасы, қалыптасу механизмдері.
- 4.2. Дамудың туа біткен ақаулықтарының жіктелуі, оларға диагноз қою және алдын алу.
- 4.3. Дамудың қатерлі кезеңдері
- 4.4. Онтогенездің жатырышілік бұзылыстары (бластопатиялар, эмбриопатиялар, фетопатиялар).
- 4.5. Тератогенді факторлар, тератогенез. Ретиноид синдромы, талидомид синдромы, алкогольді синдром, диабеттік фетопатия. Тератогендер мен мутагендер арасындағы айырмашылық.
- 4.6. Қоғамдық денсаулықты сақтау (Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР кодексі, 25- тарау, 2009 жыл).

**5. Жүргізілу формасы:** топпен жұмыс жасау, әңгімелесу

### 6. Әдебиеттер:

*Негізгі:*



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

- 6.1. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006, с.291-314.  
6.3. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006, с.369-389.  
6.4. Қуандықов Е.Ө. Жалпы және медициналық генетика негіздері (дәрістер жинағы). Алматы, 2009, с. 98-104.  
6.5. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006, 126-140 б.  
6.6. Медициналық биология және генетика. Оқу құралы проф. Қуандықов Е.Ө. ред. А., 2004, 103-113 б.

*Қосымша:*

- 6.7. Корочкин Л.И. Введение в генетику развития. М., 1999, с. 252.  
6.8. Медицинская биология и генетика. Учебное пособие для студентов под ред. проф. Қуандықова Е.У. А., 2004, с. 220-227.  
6.9. Нуртазин С.Т., Всеволодов Э.Б. Биология индивидуального развития. А., 2005, с. 260.  
6.10. Қазымбет П.Қ., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. А., 2002, б. 193-194.  
6.11. Қуандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006, б. 124-135.  
6.12. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л.Ньюссбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010, с. 203-205  
6.13. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ө. Негізгі молекулалық-генетикалық терминдердің орысша қазақша сөздігі. Алматы, 2012, 112б.

**7. Бақылау:**

**7.1. Құзыреттілікті бағалау – білім.**

- 7.1.1. Тақырыптың сұрақтары бойынша ауызша сұрау.  
7.1.2. Тесттік бақылау – 10 сұрақтан 3 нұсқа.

**7.2. Құзыреттілікті бағалау – тәжірибиелік дағды.**

- 7.2.1. Адам онтогенезінің қатерлі кезеңдерінің мәні мен негізін сызып, түсіндіріп беріңіз  
7.2.2. Дамудың туа біткен ақаулықтарының жіктелуі:  
- себебіне  
- ағзада таралуына байланысты түсіндіріңіз  
7.2.3 Кестені толтырыңыз: «Тератогенді және мутагенді факторлардың әсері»

	Тератогендердің әсері	Мутагендердің әсері
Генетикалық материалдың өзгеруіне		
Генетикалық материалдың тұқымқуалауына		
Әсер ету ұзақтығы		
Дамудың туа біткен ақаулықтарының уақытқа байланысты пайда болу қауіптілігіне		

**7.3. Құзіреттілікті бағалау- құқықтық құзыреттілік.**

- 7.3.1. Қоғамдық денсаулықты сақтау (Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР кодексі, 25- тарау 2009 жыл) Заңын оқып, интерпретациялау

7.3.2. Тесттік бақылау – 6 сұрақ

#### 7.4. Өзін – өзі жетілдіру күзiреттiлiгi:

7.4.1. «Жүрек қан тамырлар жүйесiнiң дамуының туа бiткен ақаулықтары» тақырыбы бойынша презентация түрiнде СӨЖ дайындап, «Жалпы генетика негiздерi» бөлiмi бойынша аралық бақылауға дейiн тапсыру

#### 7.5. Бақылау сұрақтары:

7.5.1. Дамудың туа бiткен ақаулықтарының пайда болуындағы тератогендiк факторлардың рөлi.

7.5.2. Дамудың туа бiткен ақаулықтарының пайда болуындағы мутагендiк факторлардың рөлi.

7.5.3. Адам онтогенезiн қауiптi кезеңдерге бөлудiң маңызы мен мәнi неде?

7.5.4. Не үшiн даму ақаулықтары бластопатияға, эмбриопатияға және фетопатияға жатқызылады?

7.5.5. Мультифакторлы даму ақаулықтарының пайда болу механизмдерi қандай?

7.5.6. Жүктiлiк кезiнде және сау баланың туылуында салауатты өмiр салтының әсерi қандай?

#### Тақырып бойынша үш тiлде түсiнiктеме сөздер:

Қазақ тiлiнде	Орыс тiлiнде	Ағылшын тiлiнде
Дамудың туа бiткен ақаулықтары – мүшенiң қызметiнiң бұзылуына алып келетiн тұрақты морфологиялық (құрылымдық) өзгерiстерi	Врожденные пороки развития – стойкие морфологические изменения органов, являющиеся следствием нарушения раннего онтогенетического развития, с выраженным нарушением их функций	<b>Congenital malformations</b> - persistent morphological organ changes resulting from early ontogenetic development disorders
Гаметопатиялар – жыныс жасушаларының (гаметалардың) құрылымы мен қызметiнiң бұзылуы себебiнен пайда болатын дамудың туа бiткен ақаулықтары	Гаметопатии – врожденные пороки развития, обусловленные нарушением структуры и функции половых клеток (гамет)	<b>Gametopathies</b> - congenital malformations caused by damage of reproductive cells (gamete) structure and function
Бластопатиялар – бластула сатысында ұрық дамуының бұзылуы себебiнен пайда болатын дамудың туа бiткен ақаулықтары	Бластопатии – врожденные пороки развития, обусловленные нарушением развития зародыша на стадии бластулы	<b>Blastopathies</b> - congenital malformations caused by damage of embryo development at the blastula stage
- 4.4. Адамның патологиясының дамуы жасушаның бөлінуінің бұзылуындағы митоздық циклдың генетикалық және медициналық маңызы.
- 4.5. Жасушалық циклды реттейтін факторлар (протоонкогендер, Р- 53 ақуызы, өсу факторы, RB гені (ретинобластома).
- 4.6. Митоздың негізгі реттеушілері (циклиндер, киназалар).
- 4.7. G<sub>1</sub>, S, G<sub>2</sub> кезеңдеріндегі кешендердің әсері.
- 4.8. MPF және APC кешендердің әсері.
- 4.9. Жасушаның митоздық циклды өтуін бақылауы (тексеру нүктелері).
- 4.10. Митоздық циклдың бұзылу механизмдері және себептері.
- 4.11. Митоздық циклдың бұзылуының медициналық зардаптары.
- 4.12. Тұқым қуалайтын өзгергіштік.
- 4.13. Рекомбинативті өзгергіштік.
- 4.14. Рекомбинативтік өзгергіштіктің пайда болу механизмдері
- 4.15. Мутагенез, мутагендік факторлар.
- 4.16. Мутациялық өзгергіштік, жіктелуі
- 4.17. Хромосомалық мутациялар, олардың себептері.
- 4.18. Хромосомалық мутациялардың жіктелуі.
- 4.19. Хромосомалық мутациялар, олардың пайда болу механизмдері.
- 4.20. Хромосомалық мутациялардан дамиды тұқым қуалайтын аурулар.
- 4.21. Антимутациялық кедергілер.
- 4.22. Репарация жайлы түсінік.
- 4.23. Репарация типтері:
  - фотореактивация ( тікелей жүретін репарация)
  - эксцизиалық репарация;
  - пострепликативтік репарация;
  - мисс – мэтсч репарация;
  - SOS-репарация.
- 4.24. ДНҚ репарациясының медициналық маңызы.
- 4.25. Адам геномының құрылысының құрылымы. «Адам геномы» бағдарламасы және оның маңызы.
- 4.26. полимеразалық тізбектік реакция
- 4.27. ДНҚ рестрикциясы
- 4.28. Блот-гибридизация әдістері
- 4.29. Секвенирлеу.
- 4.30. Қазіргі кездегі молекулалық-генетикалық әдістерді және олардың технологияларының медицинада қолданылуының негізгі бағыттары.
- 4.31. Геномика және оның бағыттары.
- 4.32. Гендік-инженериялық технологиялар. Гендік инженерияның қазіргі жетістіктері және болашағы.
- 4.33. Молекулалық клондау
- 4.34. Гендік инженерия технологияларының медицинада қолданылуының негізгі бағыттары.
- 4.35. Мутагендер генотоксиканттар ретінде
- 4.36. Физикалық және химиялық мутагендердің әсер ету ерекшеліктері
- 4.37. Генетикалық кодтың бұзылуынан болатын мутациялар
- 4.38. Мобильді элементтердің инсерциясынан индуцирленетін мутациялар
- 4.39. Үш нуклеотидті қайталанулар экспанциясының негізінде болатын мутациялар
- 4.40. Кері және супрессорлық мутациялар
- 4.41. Мутациялық үрдістер және генетикалық қауіпсіздік проблемалары
- 4.42. Мутагенездің молекулалық механизмдерін білудің клиникалық практикадағы маңызы
- 4.43. Гендік және жасушалық биотехнологиялар: жетістіктері мен болашағы.

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

- 4.44. Трансгенді ағзалар жасау әдістері, гендерді тасмалдайтын векторлар.
- 4.45. Геномодификацияланған ағзалардың (ГМА) биоқауіпсіздігі: мәселелері және шешімдері.
- 4.46. ГМА медицинада қолданылуы.
- 4.47. Эукариот геномының құрылымы. Геномның қозғалмалы элементтері.
- 4.48. Геномика - ген туралы ғылым.
- 4.49. Протеомика – ХХІ ғасыр биологиясы мен медицинасындағы жаңа бағыт.
- 4.50. Метаболомика және жаңа дәрілерді дайындау.
- 4.51. Биоинформатика және оның болашағы.

## 6. Әдебиеттер:

### Негізгі:

- 6.13. Айала Ф., Кайгер Дж. Современная генетика. М., 1988.
- 6.2. Албертс Б. и др. Молекулярная биология клетки. М., 1986, 1994.
- 6.3. Гинтер Е.К. Медицинская генетика. М., 2003.
- 6.4. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006.
- 6.5. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006.
- 6.6. Мушкхамбаров Н.Н., Кузнецов С.Л. Молекулярная биология. М., 2003.
- 6.7. Муминов Т.А., Куандықов Е.У. Основы молекулярной биологии (курс лекций). А., 2007.
- 6.8. Фаллер Д. М., Шилдс Д. Молекулярная биология клетки. М., 2006.
- 6.9. Қазымбет П.Қ., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. А., 2002.
- 6.10. Куандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006.
- 6.11. Медициналық биология және генетика. Оқу құралы проф. Куандықов Е.Ө. ред. А., 2004.

### Қосымша:

- 6.1. Заяц Р.Г. и др. Общая и медицинская генетика. Ростов-на-Дону, 2002.
- 6.2. Инге-Вечтомов С.Г. Генетика с основами селекции. М., 1989.
- 6.3. Коничев А.С., Севастьянова Г.А. Молекулярная биология. М., 2005.
- 6.4. Льюин Б. Гены. М., 1987.
- 6.5. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006.

## 7. Бақылау:

### 7.1. Құзыреттілікті бағалау – білім.

- 7.2. Тақырыптың сұрақтары бойынша ауызша сұрау.
- 7.3. Тесттік бақылау – 10 сұрақтан 12 нұсқа.

### 7.2. Құзыреттілікті бағалау – практикалық дағды.

- 7.2.1. Митоздық цикл реттелуінің сызбасын сызып түсіндіру.
- 7.2.2. Рекомбинативтік өзгергіштіктің пайда болу механизмін және оның генетикалық маңызының сызбасын сызып түсіндіріңіз.
- 7.2.3. Хромосомалық мутациялар типтерінің сызбасын сызып пайда болу механизмін түсіндіріңіз.
- 7.2.4. ДНҚ молекуласының жарықтық репарациясының маңызын түсіндіру және сызбасын сызу.
- 7.2.5. ДНҚ молекуласының қараңғылық репарациясының маңызын түсіндіру және сызбасын сызу.
- 7.2.6. ДНҚ молекуласының репликациядан кейінгі репарациясының маңызын түсіндіру және сызбасын сызу.
- 7.2.7. Молекулалық генетикалық әдіс – ДНҚ молекуласын амплификациялау және секвенирлеу әдісінің сызбасын сызу және маңызын түсіндіру
- 7.2.8. Гендік инженерия технологиясының этаптарын түсіндіру және сызбасын сызу.

### 7.3. Құзыреттілікті бағалау – коммуникативті дағды.

- 7.3.1. Әңгемелесу барысында материалды дұрыс жеткізу және топпен жұмыс істей білу





Құрастырушы: Қ.Е.Жүзжан

**ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ**

**МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА**  
**КАФЕДРАСЫ**



# **СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**КУРС: 1**

**ПӘН: МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ ГЕНЕТИКА**

**ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: кафедра оқытушылар**

**2013 жыл**



Кафедра меңгерушісі, профессор

Қуандықов Е. Ө.

**№1 Сабақ**

**1.Тақырыбы: Адамның моногенді белгілерінің (ауруларының) тұқым қуалауы**

**2. Мақсаты:** Студенттерді тұқымқуалаушылық және тұқым қуалау туралы теориялық білімді практикалық медицинада қолдануға үйрету

**3. Оқытудың міндеттері:**

- студенттерді адамның менделденетін белгілері (аурулары) ұғымдарымен таныстыру;
- студенттерге шежірені талдауды үйрету;
- студенттерді моногенді белгілердің (аурулардың) тұқым қуалау типтерін анықтауды ситуациялық есептерді шығару арқылы үйрету.

**4. Жүргізілу формасы:** Моногендік белгілердің тәуелсіз тұқым қуалауына типтік және ситуациялық есептерді шығару

**5. Тақырып бойынша тапсырма:** Моногендік белгілердің тәуелсіз тұқым қуалауына 12 типтік және ситуациялық есептерді шығару

**6. Үлестірілетін материал:** моногендік белгілердің тәуелсіз тұқым қуалауына типтік және ситуациялық есептер, кестелер, сызба нұсқалар

**7. Әдебиет:**

**Негізгі:**

- 7.1. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. Алматы, 2006, б. 20-30.
- 7.2. Куандықов Е.У. Основы общей и медицинской генетики. Алматы, 2008, с.8 – 19.
- 7.3. Куандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ө. Негізгі молекулалық – генетикалық терминдердің орысша – қазақша сөздігі. Алматы, 2012, 112 б.
- 7.4. Медицинская генетика. Под ред. Бочкова Н.П.. М., 2010, с.129 – 163.
- 7.5. Медицинская генетика. Под ред. Бочкова Н.П.. М., 2004, с. 30-33.
- 7.6. Медицинская биология и генетика. Под ред. Куандықова Е.У., А., 2004, с. 81-98.

**Қосымша:**

- 7.7. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. М., 2001. Кн. 1 с. 222-233.
- 7.8. Генетика. Под ред. Иванова В.И, М., 2006, с. 116-125.
- 7.9. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск., 2010, с.9 – 34.
- 7.10. Заяц Р.Г. Общая и медицинская генетика. Р-на-Д., 2002, с. 76-80, 84-87.
- 7.11. Роберт Л.Н., Родерик Р., Мак-Иннес., Хантингтон Ф. Виллард. Медицинская генетика.

**8. Бақылау:**

**8.1. Практикалық дағды:**

- 8.1.1. Типтік және ситуациялық есептерді шығару ;
- 8.1. 2. Өздігінен генотиптерді құрастыру: доминантты және рецессивті гомозиготалар, моногетерозиготаны, доминантты және рецессивті дигомозигота, дигетерозигота және осы даралардың түзетін гаметаларын жазу.

**Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер**



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
<b>Тұқымқуалаушылық</b> – тірі ағзалардың генетикалық материалдарының (гендерінің) структуралық– функциялық құрылымын ұрпақтан ұрпаққа беру және қайта өндіретін фундаменталды қасиеті.	<b>Наследственность</b> – фундаментальное свойство живых организмов передавать и воспроизводить структурно – функциональную организацию генетического материала (генов) из поколения в поколение	<b>Heredity</b> is fundamental property of living organisms and pass and reproduce structural and functional organization of genetic material (genes) from generation to generation
<b>Тұқым қуалау</b> – ағзалардағы генетикалық ақпараттың (тұқым қуалайтын факторлардың) бір ұрпақтан келесісіне берілуі.	<b>Наследование</b> – формы (пути) передачи генетической информации (генов) из поколения – в поколение	<b>Inheritance</b> – forms (ways) of passing genetic information (genes) from generation to generation
<b>Генотип</b> – хромосомалардың диплоидтық жиынтығындағы генетикалық материалдың (гендердің) жиынағы	<b>Генотип</b> – совокупность генетического материала (генов), содержащихся в диплоидном наборе хромосом полученных особью от родителей.	<b>Genotype</b> – genetic material (genes) containing in diploid set of chromosomes
<b>Фенотип</b> – генмен (генотиппен) бақыланатын сыртқы белгілердің жиынтығы	<b>Фенотип</b> – совокупность внешних признаков организма, контролируемых генами (генотипом)	<b>Phenotype</b> – set of all signs and properties of the organism which are forming in The course of realization of an individual genotype.
<b>Доминанттылық</b> – белгінің гомо – және гетерозиготалық жағдайда көрінуі. Доминантты ген (белгі) бас әріппен (А, В, С...) белгіленеді	<b>Доминантность</b> – проявление признака в гомо – и гетерозиготном состоянии. Доминантный ген (признак) обозначается заглавной буквой (А, В, С...)	<b>Dominancy</b> – displaying of sign in homo – and heterozygotes. Dominant gene (sing) designates by designate capital letter (А,В,С...)
<b>Рецессивность</b> – белгінің гомо – немесе гемизиготалық жағдайда көрінуі. Рецессивті ген кіші әріппен (а,в,с...) белгіленеді.	<b>Рецессивность</b> – проявление признака в гомо – или гемизиготном состоянии. Рецессивный ген обозначается строчной буквой (а,в,с...)	<b>Recessiveness</b> displaying of sign in homo – or hemizygotes. Recessive gene (sign) designate by small letter ((а,в,с...))

Құрастырушы: Қ.С.Нұртаева

**№ 2 сабақ**

**1.Тақырыбы: Адам белгілерінің (ауруларының) тіркес тұқым қуалауы**

**2. Мақсаты:** студенттерге тіркес тұқым қуалау туралы теориялық білімдерін практикалық медицинада қолдануға үйрету

**3. Оқытудың міндеттері:**

- студенттерді аутосомаларда орналасқан гендермен бақыланатын белгілердің (аурулардың) тұқым қуалау мәнімен таныстыру және түсіндіру
- студенттерді жыныс, X және Y, хросомаларда, орналасқан гендермен бақыланатын белгілердің (аурулардың) тұқым қуалау мәнімен таныстыру және түсіндіру

**4. Жүргізілу формасы:** Белгілердің тіркес тұқым қуалауына типтік және ситуациялық есептерді шығару

**5. Тақырып бойынша тапсырма:** Белгілердің тәуелсіз тұқым қуалауына типтік және ситуациялық есептерді шығару

**6. Үлестірілетін материал:** тіркес тұқым қуалауына типтік және ситуациялық есептер, кестелер, сызба нұсқалар

**7. Әдебиет:**

**Негізгі:**

- 7.1. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. Алматы, 2006, б. 23-27.
- 7.2. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006, с. 116-125.
- 7.3. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006, с. 35-39,55-57.
- 7.4. Медициналық биология және генетика. Студенттерге арналған оқу құрал. Проф. Куандықовтың Е.Ө. редакциялауымен. Алматы, 2004, с. 98-101.
- 7.5. Куандықов Е.Ө. Жалпы және медициналық генетиканың негіздері (дәрістер жинағы). Алматы, 2009, б.15-36.

**Қосымша:**

- 7.6. Алиханян С.И., Акифьев А.П., Чернин Л.С. Общая генетика М., 1 том, 1985, с. 53-56.
- 7.7. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. М., кн. 1, 81-98.
- 7.8. Дориан Дж. Притчард, Брюс Р. Корф. Наглядная медицинская генетика. Перевод с английского под редакцией акад. РАМН Н.П.Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2009, с.42-60.
- 7.9. Заяц Р.Г., Бутвиловский В.Э. и др. Общая и медицинская генетика. Р-на- Дону.,2002, с. 76-80, 84-87.
- 7.10. Вопросы и задачи по общей биологии и общей и медицинской генетике (с пояснениями). Под ред. проф. Иткеса А.В. М., 2004, с. 68-83.
- 7.11. Инге-Вечтомов С.Г. Генетика с основами селекции. М., 1989, с. 23-54.
- 7.12. Роберт Л.Н., Родерик Р., Мак-Иннес., Хантингтон Ф. Виллард. Медицинская генетика. Под ред. Бочкова Н.П. М., «ГЭОТАР-Медиа», 2010, с. 203-205

## 8. Бақылау:

### 8.1. Тәжирбиелік дағдыны бағалау:

8.1.1. Альбомға даралардың генотиптерін сал: доминантты гендері Х – хромосомасында гомо- және гетерозиготалық жағдайдағы; рецессивті гендері Х және У хромосомасында гомо- және гетерозиготалық жағдайдағы.

8.1.2. . Альбомға аутосомдық 3-5 гендерден тіркесу тобы бар ата-аналардың толық тіркескендегі, толық емес тіркесудегі генотиптерін, гаметаларын, балаларының генотиптерін сал. Ата-аналардың бірі доминантты ген бойынша гомозигота, баскасы – рецессивті ген бойынша гомозигота.

8.1.3. Есептер шығару.

### Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
<b>Тіркес тұқым қуалау</b> - бір хромосомада (тіркесу тобында), ара қашықтығы 50 морганидтен азырақ орналасқан гендердің бірге тұқым қуалауы	<b>Сцепленное наследование</b> - совместное наследование генов, расположенных в одной хромосоме (группе сцепления), на расстоянии менее 50 морганид	<b>Linked inheritance</b> - joint inheritance of genes, located in one chromosome (link group) on the distance to 50 morganids
<b>Тіркесу топбы</b> - бір хромосомада орналасқан гендер тіркесу тобын құрайды, тіркесу топбының саны хромосомалардың гаплоидтық жиынтығына тең	<b>Группа сцепления</b> - гены расположенные в одной хромосоме, число групп сцепления равно гаплоидному набору хромосом	<b>Link group</b> - genes located in one chromosome, number of link group equal to haploid sets of chromosomes
<b>Жыныспен тіркесіп тұқым қуалау</b> – жыныс хромосомаларында орналасқан гендердің тұқым қуалауы	<b>Наследование, сцепленное с полом</b> - наследование генов, расположенных в половых хромосомах	<b>Sex - linked inheritance</b> - inheritance of genes, located in sex chromosome
Кроссинговер, хромосомалардың учаскелерімен (гендерімен) мейозе I алмасуы	Кроссинговер, обмен участками хромосом (генами) в мейозе I	Crossingover - exchange of parts of chromosomes (genes) during meiosis I

Құрастырушы: Қ.С.Нұртаева

## № 3 сабақ

1. Тақырыбы: Тұқым қуалайтын аурулардың клиникалық белгілерінің пайда болуының генетикалық механизмдері

**2. Мақсаты:** ситуациялық есептерді шығара отырып, тұқым қуалайтын аурулардың клиникалық белгілерінің көрінуінің генетикалық механизмдерін түсіну үшін тәжірибиелік дағдыны дамыту

**3. Оқытудың міндеттері:**

- аурудың пайда болуы мен ағымын түсіну үшін ауру адамның генотипіндегі гендер әсерінің рөлі жайлы түсінікті студенттерде қалыптастыру және түсіндіру
- студенттерде тұқым қуалайтын ауру кезінде аса жоғары доминанттылық, кодоминанттылық, комплементарлық, эпистаз түсінігін қалыптастыру және олардың пенетранттылықта, эпистазда, плеотропияда және гетерозиготтардың таңдамалы артықшылықтарының маңызын түсіндіру

**4. Жүргізілу формасы:** типтік және ситуациялық есептерді шығару

**5. Тақырып бойынша тапсырма:**

5.1. Медициналық биология және генетика. Оқу құралы проф. Қуандықов Е.Ө. ред. А., 2004, 112-115 б. № 1 – 20 аралығындағы типтік және ситуациялық есептерді шығару

5.2. Қосымша тапсырмалар:

5.2.1. А1 және А2 аллельді емес гендер адамның терісінде меланин түзілуін және теріде кара түсінің қалыптасуын бақылайды. а1 және а2 рецессивті аллельдердің ондай қабілеттілігі жоқ. Рецессивті аллельдерін тасымалдаушылардың терісінің түсі ақ болады. Белгінің көріну деңгейі генотиптегі доминантты аллельдердің санына байланысты. Аллельді емес гендер әсерінің түрін анықтаңыз.

5.2.2. ь гені бойынша рецессивті гомозиготалы адамдардың эритроциттерінде А және В антигендері түзілмейді. Генотипінде  $I^A$  және  $I^B$  гендері болса да адамның қан тобы I топ болады.  $I^A$  және  $I^B$  гендерінің әсері байқалу үшін адамның генотипінде доминантты Н гені болу керек.

а. Аллельді емес гендер әсерінің түрін анықтаңыз.

б. Генотиптері  $I^A I^A hh$ ,  $I^A I^B hh$ ,  $I^A iHh$ ,  $I^B I^B Hh$ ,  $iHh$ ,  $I^A I^B Hh$  адамдардың фенотипін (қан топтарын) көрсетіңіз.

**6. Үлестірілетін материал: есептер**

**7. Әдебиеттер:**

**Негізгі:**

- 7.1. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006, с.82-115.
- 7.2. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006, с. 35-39,55-57.
- 7.3. Медицинская биология и генетика. Учебное пособие для студентов под ред. проф. Куандыкова Е.У. Алматы, 2004, с. 104-115.
- 7.4. Қуандықов Е.Ө. Жалпы және медициналық генетика негіздері (дәрістер жинағы). Алматы, 2009, с. 98-104.
- 7.5. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006, 126-140 б.
- 7.6. Қазымбет П.Қ., Аманжолова Л.Е., Нұртаева Қ.С. Медициналық биология. А., 2002, 118-133 б.
- 7.7. Қуандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006, 39-45 б.
- 7.8. Медициналық биология және генетика. Оқу құралы проф. Қуандықов Е.Ө. ред. А., 2004, 103-113 б.

**Қосымша:**

- 7.9. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. М., кн. 1, 2001, с. 234-242.



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

- 7.10. Заяц Р.Г., Бутвиловский В.Э. и др. Общая и медицинская генетика. Р-на-Дону.,2002,с.106-116.
- 7.11. Вопросы и задачи по общей биологии и общей и медицинской генетике (с пояснениями). Под ред. проф. Иткеса А.В. М., 2004, с. 68-83.
- 7.12. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л.Ньюссбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010, с. 203-205
- 7.13. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық-генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы,2012, 112б.

## 8. Бақылау:

8.1. Есептердің шешу жолдарын альбомда тексеру. Әрбір студент 5 есептен шығару керек

Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
<b>Комплементарлық</b> – жаңа белгінің пайда болуына алып келетін екі доминанттық аллельді емес гендердің бірін-бірі толықтыра әрекеттесуі	<b>Комплементарность</b> – взаимодействие двух доминантных неаллельных генов, приводящее к появлению нового признака	<b>Complementarity</b> – complementary interaction of two dominant non-allelic genes which leads to the appearance of a new trait
<b>Полимерия</b> – генотипте (ағзада) мөлшерінің көбеюі нәтижесінде бір белгінің көрініс беруінің күшеюімен сипатталатын доминантты аллельді емес гендердің (аллельдердің) өзара әрекеттесуі	<b>Полимерия</b> – взаимодействие доминантных неаллельных генов (аллелей), характеризующихся усилением проявления одного признака с увеличением их количества в генотипе (организме);	<b>Polymerism</b> – interaction of dominant non-allelic genes characterized by strengthening of one trait with increasing genes number in genotype
<b>Эпистаз</b> – бір геннің екінші геннің фенотиптік көрініс беруін басып тастауымен сипатталатын екі аллельді емес гендердің өзара әрекеттесу түрі	<b>Эпистаз</b> – тип взаимодействия двух неаллельных генов (доминантных или рецессивных), характеризующийся подавлением одним из генов фенотипического проявления другого гена	<b>Epistasis</b> – interaction of non-allelic (dominant or recessive) genes characterized by suppression of phenotypic expression of another gene
<b>Экспрессивтілік</b> – геннің фенотиптік көрініс беру деңгейі; геннің экспрессивтілігі гендердің генотипте өзара әсерімен анықталады	<b>Экспрессивность</b> – степень фенотипического проявления гена; экспрессивность гена определяется взаимодействием генов в генотипе	<b>Expressivity</b> – degree of gene phenotypic expression; gene expressivity is determined by the interaction of genes in genotype
<b>Пенетранттылық</b> – доминанттық геннің әртүрлі генотиптерде сыртқы (фенотиптік) көрініс беру мүмкіндігі, % өлшенеді	<b>Пенетрантность</b> – вероятность внешнего (фенотипического) проявления доминантного гена в различных генотипах, измеряется в %	<b>Penetrance</b> – probability of dominant gene external expression in different genotypes (measured in %)
<b>Плейотропия</b> – бір геннің	<b>Плейотропия</b> – множественное	<b>Pleiotropy</b> – multiple



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

белсенділігінің көпшілік фенотиптік (клиникалық) көрініс беруі	фенотипическое (клиническое) проявление активности одного гена	phenotypic (clinic) expression of a single gene activity
--	--	---

Құрастырған: С.Қ.Әлмұхамбетова

№ 4 сабақ

1. Тақырыбы: Онтогенездік дамудың генетикалық механизмдері

**2. Мақсаты:** Адамның онтогенездік дамуында генетикалық факторлардың маңызы мен рөлі туралы студенттерде білімді қалыптастыру

**3. Оқытудың міндеттері:**

- онтогенездік дамуда генетикалық бақылаудың маңызы мен мәнін ашу
- онтогенездік дамудың алғашқы кезеңдерін қамтамасыз ететін гендердің маңызы мен мәнін ашу
- аналық эффектiсi бар гендердiң маңызы мен мәнін ашу
- сегментация гендерінің маңызы мен мәнін ашу
- гомеобокстардың және гомеозис гендердің маңызы мен мәнін ашу
- тұқым қуалайтын аурулардың пайда болуындағы гомеозис (гомеобокста) гендердегі мутацияның маңызы мен рөлін ашу

**4. Жүргізілу формасы:** топпен жұмыс жасау, әңгімелесу

**5. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

- 5.1. Онтогенездік дамудың генетикалық бақылануы
- 5.2. «Үй шаруасындағы» гендер
- 5.3. Аналық эффектiсi бар гендер
- 5.4. Сегментация гендері
- 5.5. Гомеозис гендер (гомеобокстар)
- 5.6. «Молшылық» гендер
- 5.7. Тұқым қуалайтын аурулардың дамуындағы гомеозис гендер мутациясының рөлі

**6. Үлестірілетін материал:** тақырып бойынша дидактикалық материалдар, есептер, тестер

**7. Әдебиеттер:**

**Негізгі:**

- 7.1. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006, с.369-389.
- 7.2. Медицинская биология и генетика. Учебное пособие для студентов под ред. проф. Куандыкова Е.У. Алматы, 2004, с. 208-227.
- 7.3. Куандыков Е.У. Основы общей и медицинской генетики (курс лекций). Алматы, 2009, с. 54-71.
- 7.4. Генетика. Под ред. Иванова В. И.; М., 2006, с. 291-314

**Қосымша:**

- 7.5. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. Кн. 1. М., 2001, с. 276-415.
- 7.6. Корочкин Л.И. Введение в генетику развития. М., 1999, 252 с.
- 7.7. Нуртазин С.Т., Всеволодов Э.Б. Биология индивидуального развития. А., 2005, 260 с.
- 7.8. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л.Ньюссбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010, с. 254-259, 355-379
- 7.9. Куандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ө. Негізгі молекулалық - генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012, 112с.


**8. Бақылау:**

- 8.1. Альбомда есептердің шығару жолын, кестенің және сызбаның толтыруын тексеру
- 8.1.1. Ситуациялық есепті шығару: эритроциттердің негізгі белогы-гемоглобиннің аминқышқылдық құрамы эмбриогенез кезінде туылғаннан кейін өзгереді. Онтогенез кезіндегі гендердің дифференциальды активтілігі гипотезасы бойынша бұл процесті түсіндіріңіз.
- 8.1.2. Кестені толтыру:

Адам ағзасындағы гемоглобиннің синтезі кезіндегі гендердің дифференциальді экспрессиясы

Гемоглобиннің типтері	Белгіленуі	Гемоглобин синтезін бақылайтын гендер	Гемоглобин синтезі жүретін орны	Синтездің уақыты
1. Эмбриональді				
2. Фетальді				
3. Нәрестелерде				
4. Ересектерде				

8.1.3. Сызбаны салу: Дамудағы реттеуші геннің рөлі



Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
<b>Гомеозистік гендер</b> – онтогенетикалық даму үрдісіне қатысатын гендер; гомеозистік гендер қалыпты жағдайда детерминацияны – жасушалардың болашақ мүшелердің бастамаларының белгілі бағытта дамуын бақылайды, гомеозистік гендердің мутациялары қалыпты онтогенетикалық дамуының бұзылуына алып келеді	<b>Гомеозисные гены</b> – гены, участвующие в процессе онтогенетического развития; гомеозисные гены в норме контролируют детерминацию – развитие в определенном направлении клеток (зачатков будущих органов); мутации гомеозисных генов приводят к нарушению нормального онтогенетического развития	<b>Homeotic genes</b> – genes that usually control determination – development in specific cells direction; homeotic genes mutations lead to damage of normal ontogenetic development
<b>Үй шаруашылығы гендері</b> – ағзадағы жасушалардың тіршілігін (жұмысын) қамтамасыз ететін ұдайы белсенді гендер	<b>Гены домашнего хозяйства</b> – постоянно активные гены, обеспечивающие жизнедеятельность (функционирование) клетки организма	<b>Housekeeping genes</b> - constantly active genes providing body cell activity
<b>Молшылық гендер</b> – арнайыланған (жіктелген)	<b>Гены – роскоши</b> – активизирующиеся в	<b>Luxury genes</b> –genes that activate in specialized cells



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

---

---

жасушаларда белсендірілетін гендер	специализированных (дифференцированных) клетках	
---------------------------------------	---	--

Құрастырған: С.Қ.Әлмұхамбетова

**№ 5 сабақ**

**1. Тақырыбы: Жүрек – қантамыр жүйесінің туа біткен ақаулықтары**

**2. Мақсаты:** жүрек – қантамыр жүйесінің даму кезіндегі туа біткен ақаулықтардың пайда болуында генетикалық және теротогендік факторлардың рөлі жайлы студенттерде білімді қалыптастыру

**3. Оқытудың міндеттері:**

- жүрек – қантамырлар жүйесі бойынша туа біткен ақаулықтарының қалыптасуында орта факторлардың рөлін ашу
- жүрек – қантамырлар жүйесі бойынша туа біткен ақаулықтарының қалыптасуында генетикалық факторлардың рөлін ашу
- жүрек – қантамыр жүйесінің туа біткен ақаулықтарының мультифакторлық түрінің қалыптасуындағы орта және генетикалық факторлардың өзара әсерлерінің рөлін ашу

**4. Жүргізілу формасы:** кейс әдісі бойынша

**5. Тақырып бойынша тапсырма:** жүрек – қантамыр жүйесінің туа біткен ақаулықтарының пайда болуының мүмкін болатын себептерін анықтап, олардың даму механизмдерін түсіндіру арқылы кейсті талдау

**6. Үлестірілетін материал:** жүрек – қантамыр жүйесі бойынша ақпараттық блок, әр түрлі клиникалық жағдайлар, ақаулықтарды талдау үшін алгоритмдер

**Жүрек – қантамыр жүйесінің ақаулықтарын талдауға арналған алгоритмдер:**

- Клиникалық жағдай
- Ақпарат
- Даму ақаулықтарының мүмкін болатын себептері:
  - Генетикалық факторлар
  - Экологиялық факторлар
  - Мультифакторлы жағдай
  - Биологиялық мутагендер
  - Физикалық мутагендер
- Қосымша ақпарат
- Қосымша ақпаратты талдау
- Туа біткен ақаулықтардың мүмкін болатын себептерін анықтау

**Клиникалық жағдай – 1**

Ақпарат № 1: Баймурзина Камила. 5 жаста. Күрделі жүректің туа біткен ақаулығымен туылған: Жүректің үш жақты клапанының атрезиясы (атрезия трехстворчатого клапана). ШҚО Белое селосында тұрады.

Қосымша ақпарат: Қыздың анасы – 42 жаста, үй шаруасымен айналысады, қызмет жасамаған. Жүктілік кезінде ревматоидты ауруларды емдеу және алдын алу үшін дәрігер ұсынған дәрілік препараттарды қолданған. Алкоголь ішпейді, темекі шекпейді.

Әкесі – 45 жаста. Ұзақ жылдар бойы қорғасын – мырыш зауытында қызмет жасап, денсаулығына байланысты қызметін ауыстырған. Темекі шекпейді, мейрам кездері ішімдік ішеді.

Отбасында тағы екі бала бар. Олардың дені сау. Отбасында және оның туыстарында тұқым қуалайтын аурулар кездеспейді.

**Клиникалық жағдай – 2**

Ақпарат № 1: Құрбанова Аяулым 1,5 жаста. Күрделі жүректің туа біткен ақаулығымен туылған: Оң жақ жүрекшеден тамырлардың екі есе ағуы, магистральді тамырлардың транспозициясы, жүрекше аралығының ақаулығы (Двойное отхождение сосудов от правого

желудочка, транспозиция магистральных сосудов, дефект межжелудочковой перегородки)

Қосымша ақпарат: Қыздың анасы – 34 жаста. Кітапханада қызмет жасайды. Жүктіліктің 8 айында УДЗ балада жүрек ақаулығы бар екенін көрсеткен. Зиянды әдеттерден аулақ: ішпейді, темекі тартпайды. Жүктілік қалыпты өткен. Дәрілік препарат қолданбаған. Жүктіліктің алғашқы айларында, қызамықпен ауырған 5 жасар баласына күтім жасаған.

Әкесі 35 жаста. Алматы қаласының 6 подстанциясында фельдшер болып қызмет атқарады. Зиянды әдеті жоқ.

Отбасында тұқым қуалайтын аурулар кездеспейді.

### **Клиникалық жағдай – 3.**

Ақпарат № 1: Дорощенко Арина 3 жаста. Жүректің туа біткен ақаулығымен туылған: Жүрекалды аралықтарының ақаулығы, ашық артериялды ағыс (дефект межпредсердной перегородки, открытый артериальный проток).

Қосымша ақпарат: Қыздың анасы 37 жаста. Қалалық әкімшілікте қызмет жасайды. Жүктілік қалыпты өткен. Жүктілік кезінде дәрілік препараттарды қолданбаған. Зиянды әдеті жоқ.

Әкесі 40 жаста. Шет елдік уран өндіретін компанияда инженер болып қызмет жасайды. Зиянды әдеті жоқ.

Отбасында 7 сыныпта оқитын үлкен ұлы бар.

### **Клиникалық жағдай – 4.**

Ақпарат № 1: Жармаханов Эльденіз 6 жаста. Жүректің туа біткен ақаулығымен туылған: Магистральді тамырлардың транспозициясы, өкпе артериясының ақаулығы (транспозиция магистральных сосудов, стеноз легочной артерии)

Қосымша ақпарат: Анасы 45 жаста. Жүктілік ауыр өткен: 1 триместрде токсикоз, жүктілікті тоқтату қауіптілігі болған. Әйелдің анамнезінде өлі туылу, түсік тастау кездескен. Жүктілікті сақтау үшін дәрілік препараттарды пайдаланған.

Анасының әкпесі және отбасындағы бір бала жүректің туа біткен ақаулығымен туылған.

Әкесі 49 жаста. Қант диабетімен ауырады.

### **Клиникалық жағдай – 5.**

Ақпарат № 1: Серік 3 айлық. Жүректің туа біткен ақаулығымен туылған: Жүрекалды аралықтың ақаулығы, аорта стенозы, 21 хромосома бойынша трисомия (дефект межпредсердной перегородки, стеноз аорты, трисомия 21).

Анасы 39 жаста. Дүкенде менеджер болып жұмыс атқарған. Бірінші жүктілік.

Балаға 21 хромосома бойынша трисомия диагнозы қойылған. Жүктілік қалыпты өткен. Жүктілік жасы ұлғайғанда болуына байланысты босану уақытынан 3 апта бұрын перинатальді орталыққа жатқызылды.

Әкесі 45 жаста. Зиянды әдеттен аулақ. Құрылыс компаниясында прораб болып қызмет жасайды.

## **7. Әдебиеттер:**

### **Негізгі:**

7.1. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006, с.291-314.

7.2. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск, 2006, с.369-389.

7.3. Қуандықов Е.Ө. Жалпы және медициналық генетика негіздері (дәрістер жинағы). Алматы, 2009, с. 98-104.

7.4. Медициналық биология және генетика. Оқу құралы проф. Қуандықов Е.Ө. ред. А., 2004, 103-113 б.

7.5. Биология. Под ред. Ярыгина В.Н. М., кн. 1, 2001, с. 234-242.

### **Қосымша:**

7.6. Заяц Р.Г., Бутвиловский В.Э. и др. Общая и медицинская генетика. Р-на- Дону., 2002, с.106-310 беттің 143 беті

116.

7.7. Вопросы и задачи по общей биологии и общей и медицинской генетике (с пояснениями). Под ред. проф. Иткеса А.В. М., 2004, с. 68-83.

7.8. Нуртазин С.Т., Всеволодов Э.Б. Биология индивидуального развития. А., 2005, с. 260.

7.9. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л.Ньюссбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010, с. 355-363

7.10. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық - генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012, 112с.

## 8. Бақылау:

8.1. Жүрек – қантамыр жүйесі ақаулықтарының мүмкін болатын себептерін кейсте талдау

Тақырып бойынша үш тілде түсініктеме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
<b>Атрезия – туа біткен</b> түтіктің немесе тесіктің болмауы	<b>Атрезия</b> – врожденное отсутствие естественного отверстия	<b>Atresia</b> - congenital absence of natural body orifice
<b>Стеноз</b> - қуысты мүшенің тарылуы	<b>Стеноз</b> - сужение отверстия	<b>Stenosis</b> – narrowing in a blood vessels
Жүрек ақаулары – туа біткен немесе жүре пайда болған жүрек бөліктерінің морфологиялық өзгерісі, үлкен және кіші қан айналым шеңберлері бойынша жүретін қан ағысының бұзылысы.	<b>Пороки сердца</b> – врожденные или приобретенные морфологические изменения клапанного аппарата, перегородок, стенок сердца или отходящих от него крупных сосудов, нарушающие передвижение крови внутри сердца или по большому и малому кругом кровообращения	<b>Heart defects</b> – congenital or acquired morphological changes in valvular, heart walls or large vessels that interfere with movement of blood within the heart or on the large and small circles of blood

Құрастырған: С.Қ.Әлмұхамбетова

№ 6 сабақ

1. Тақырыбы: Экологиялық генетика негіздері



**2. Мақсаты:** мутагендік және канцерогендік факторлармен ластанған, қоршаған орта өзгеруінің тұрғындардың генетикалық саулығына әсері туралы білімді студенттер бойында қалыптастыру.

**3. Оқыту міндеттері:**

- экологиялық генетика, қоршаған ортаның ластануы, ластаушылар ұғымдарымен студенттерді таныстыру
- қоршаған орта ластануының генетикалық зардаптарын зерттейтін, қазіргі таңдағы ғылымдардың бірі экологиялық генетиканың мәнін ашу
- физикалық және химиялық факторлармен қоршаған ортаның ластануынан, арнайы аурулардың (экологияға тәуелді аурулар) даму механизмдері мен себептерін ашу
- тірі ағзалардың (адам) генетикалық материалына ластаушылардың әсер ету механизмдерін ашып көрсету
- студенттерді Қазақстандағы экологиялық зардап шеккен аймақтағы (Семей ядролық полигон, Арал аймағы) тұрғындардың денсаулық жағдайымен таныстыру.
- студенттерді аймақтың экологиялық жағдайын талдауға, қоршаған ортаның негізгі ластаушыларын анықтауға, халықтың денсаулығына, соның ішінде генетикалық жағдайына зиянды әсер ететін факторларды анықтап, оны дәрігерлік практикада қолдануға үйрету

**4. Өткізу түрі:** кесте толтыру, сызбаларды салу.

**5. Тақырып бойынша тапсырмалар:**

- 5.1. Экология, анықтамасы. Экология мен генетиканың байланысы.
- 5.2. Қоршаған ортаның ластаушылары, жіктелуі және әсері.
- 5.3. Адамның экологияға тәуелді аурулары, оның дамуының генетикалық механизмдері.
- 5.4. Қазақстандағы экологиялық зардап шеккен аймақтағы (Семей ядролық полигон, Арал және т.б.) қоршаған орта ластануының тұрғындар саулығына әсері.

**6. Үлестіретін материал:** тестілер

**7. Әдебиеттер:**

**Негізгі:**

- 7.1. Аманжолова Л. Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006, 216 -220 б.
- 7.2. Бочков Н. П. Клиническая генетика. М., 2006, с. 294-309.
- 7.3. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006, с. 265-272.
- 7.4. Қуандықов Е. Ө. Әбілаев С. А. Медициналық биология және генетика. А., 2006, 273-279б.
- 7.5. Қуандықов Е. Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Жалпы және медициналық генетика негіздері. А., 2009, 111-115б.

**Қосымша:**

- 7.1. Вахненко Д. В., Гарнизоненко Т. С., Колесников С. Н. Биология с основами

экологии. Ростов-на-Дону, 2003, б. 411-447.

7.2. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық –генетикалық терминдердің орысша- қазақша сөздігі А., 2012, б. 3-111

7.3. Фогель Ф., Мотульски А. Генетика человека. Том 2. М., 1990, с. 115-119.

7.4. Чебышев Н.В.и др. Биология. М., 2000, с. 348-394.

7.5. Экогеника. Семенов В.В., Кошкаева Е.С. К., 2005, с. 23.

7.6. [http://www.pharmnews.kz/zakon/documents/codeks\\_10\\_2009.htm](http://www.pharmnews.kz/zakon/documents/codeks_10_2009.htm)

7.7. [http://law.ucoz.kz/\\_ld/1/124/\\_\\_\\_\\_.pdf](http://law.ucoz.kz/_ld/1/124/____.pdf).

7.8. <http://www:e-vesti.kz/?g=node/113>

7.9. <http://www.bestr....>

7.10. <http://www.ref.by/r>

7.11. <http://info-heath.kz>

## 8. Бақылау:

8.1. «Қоршаған орта ластануының генетикалық зардаптары»сызбасын салу:



8.2. «Адамның экологияға тәуелді аурулары» тақырыбына кесте толтыру

Аурудың аталуы	Токсикалық факторлар	Клиникалық белгілері
«минамата» ауруы		
«итай-итай» ауруы		
«юшо» ауруы		
«Сары балалар» ауруы		
« Чернобыл ауруы»		
Қатерлі ісіктер		

### 8.3. Өзін өзі жетілдіру дағдыны бағалау

«Қазақстанның экологиялық қолайсыз аймақтарындағы тұрғындарының денсаулығы» тақырыбы бойынша СӨЖ –ді реферат түрінде дайындау және бірінші аралық бақылауға дейін қорғау.

### 8.4. Бақылау сұрақтары:

8.4.1. Экогенетика, мақсаты мен міндеттері

8.4.2. Ластану, түсінігі, мәні

8.4.3. Ластаушылар, сипаттамасы, жіктелуі

8.4.4. Ластануды бағалау, ұғымы, мәні

8.4.5. Қазақстанның қалалық популяцияларындағы қоршаған ортаның негізгі ластаушылары

8.4.6. Қазақстанның ауылдық популяцияларындағы қоршаған ортаның негізгі ластаушылары

8.4.7. Экологияға тәуелді аурулар, даму механизмдері, себептері

### Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
<b>Экологиялық жүйе (экожүйе)</b> – белгілі бір аймақты мекендейтін және сыртқы орта факторларымен өзара қарым-қатынаста болатын барлық тірі ағзалардың жиынтығы;	<b>Экологическая система (экосистема)</b> – совокупность всех живых организмов, обитающих на определенной территории и взаимодействующих с факторами внешней среды	Ecological system (ecosystem) – system including all living organisms in habiting in definite territory and interacting with environmental;
<b>Ластану</b> – қоршаған ортаға зиянды факторлардың енуі;	<b>Загрязнение</b> – поступление в окружающую среду вредных факторов.	Pollution- introduction in environment harm full factors;
<b>Ластаушылар</b> – адамның денсаулығына кері әсерін тигізетін қоршаған ортаның, зиянды факторлары;	<b>Загрязнителей</b> – вредные факторы, поступающие в окружающую среду оказывающие негативное влияние на здоровье	Pollutants – harmful factors, entering in environment and causing negative influence on people health;



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

	человека;	
<b>Экологиялық генетика</b> (экогенетика) – зиянды орта факторларының адамның генетикалық саулығына тигізетін әсерін зерттейтін, ғылым;	<b>Экологическая генетика (экогенетика)-</b> наука, изучающая влияние вредных факторов среды на генетическое здоровье людей;	Ecological genetics (ecogenetics) - science studying influence of harmful environmental factors on genetic health of people;

## 1. Тақырыбы: Фармакогенетика

**2. Мақсаты:** дәрі-дәрмектердің әрбір ауруға жеке әсерін генетикалық конституция (аурудың генотипі) ерекшеліктерімен байланыстыра отырып, студенттерде оларды сипаттау білімін қалыптастыру.

## 3. Оқытудың міндеттері:

- студенттерді фармакологиялық генетика, дәрілік препараттар метаболизмінің генетикалық бақылануы ұғымдарымен таныстыру;
- генге (генотипке) дәрілік препаратпен әсер еткенде аурудың жауап реакциясын және дәрі әсерінің тиімділігін зерттейтін фармакогенетика ғылымының маңызын ашу;
- дәрілік препараттардың ағзадағы метоболизмінің генетикалық бақылануының механизмін ашу (мысалы, туберкулезбен ауыратын ауруды изониазидпен емдеу);
- енгізілген дәрілік препараттардың ағзаға әсерінің қалыптасуына әсер ететін генетикалық факторлардың рөлін кейбір тұқым қуалайтын аурулардың қан жүйесі (метгемоглобинемия, гемолитикалық анемия), бауырдың (порфирия) негізінде көрсету;
- студенттерді алған білімдерін пайдалана отырып, практикада аурудың генотипін ескере отырып, дәрілік препараттарды тағайындауды үйрету;
- студенттерді дәрі-дәрмектер қауіпсіздігі бойынша құқықтық талаптармен таныстыру.

**4. Өткізу түрі:** кесте толтыру, сызбаларды салу.

**4. Оқу және оқыту әдістері:** үйлесімді (комбинациялық) оқыту тәсілі (әңгімелесу, ситуациялық есептер шығару).

## 5. Тақырып бойынша тапсырмалар:

- 5.1. Фармакогенетиканың қазіргі кездегі медицинадағы және фармациядағы маңызы.
- 5.2. Дәрілік препараттар метаболизмінің генетикалық бақылануы.
- 5.3. Дәрілік препараттарды қабылдау үдететін тұқым қуалайтын аурулар және жағдайлары.
- 5.4. Дәрі-дәрмекті практикада қолданудың персональдық (жекелік) жаңа мүмкіндіктері.

## 6. Үлестіретін материал: тестілер

## 7. Әдебиеттер:

### *Негізгі:*

- 7.1. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006, б. 220-224.
- 7.2. Бочков Н.П. Клиническая генетика. М., 2004. с. 309-310.
- 7.3. Бочков Н.П. Фармакогенетика в педиатрии. Педиатрия. № 3, 2004, с. 4-7.
- 7.4. Гаврилова С.И. Фармакогенетические подходы к терапии болезни Альцгеймера. Вестник РАМН № 9-10, 2006, с.30-33.



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

7.5. Гинтер Е.К. Медицинская генетика. М. 2003. с. 340-348.

7.6. Ляхович В.В. и др. Фармакогенетика и современная медицина. Вестник РАМН № 10, 2004, с.40-45.

7.7. Қуандықов Е.Ө., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. А., 2006, б. 279-282.

7.8. Қуандықов Е.Ө., Аманжолова Л.Е. Молекулалық биология негіздері (дәрістер жинағы).А., 2007, б. 213-219.

**Қосымша:**

7.9. Фогель Ф., Мотульски А. Генетика человека. Том 2. М. 1990, с. 108-115.

7.10. Щипков В.П., Кривошеина Г.Н. Общая и медицинская генетика. М., 2003, с. 211-216.

7.11. Медицинская генетика: учеб. пособие/ Роберт Л.Ньюсбаум, Родерик Р, Мак-Иннес, Хантингтон Ф. Виллард: пер. с англ. А. Ш. Латыпова; под ред. Н. П. Бочкова.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010.

7.11. Қуандықов Е.Ө., Нұралиева Ұ.Ә. Негізгі молекулалық - генетикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2012.

**8. Бақылау:**

8.1. «Генетикалық өзгерісі бар адамдардың дәрі-дәрмектерге жеке-дара сезімталдығы» тақырыбына кесте толтыру.

№ п/п	Генетикалық өзгеріс болған жағдайда дәрілік заттардың әсерінің фармакологиялық сипаты	Ферменттік жүйенің өзгерісі	Тұқым қуалау типі
1.	Дитилин (бұлшық ет релаксациясы үшін) – тыныс алудың 1 сағ және көп уақытқа тоқталуы		
2.	Жараны өңдеу үшін сутегінің асқын тотығының ерітіндісінің тиімсіздігі		
3.	Примахин – эритроциттер гемолизі		
4.	Фенилтиокарбамидтің ащы дәмін сезінбеу		
5.	Изониазид – токсиндік эффектісі		

8.2. «Дәрі-дәрмекке ағзаның жауап реакциясы» тақырыбына кесте толтыру

Дәрі-дәрмекке ағзаның жауап реакциясы	Дәрілік препарат	Фермент жеткіліксіздігі	Сипаттамасы
Жоғары сезімталдық			
Толеранттылық			



МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

Парадоксальді реакциясы			
----------------------------	--	--	--

8.3. Ситуациялық есептер шығару:

1. Төмендегі клиникалық жағдайларға сай келетін ферменттік өзгерістерді табыңыз:

- Примахинді қабылдағаннан кейін гемолитикалық анемияның пайда болуы.
- Дитилинді қабылдағаннан кейін тыныс алудың ұзақ уақытқа тоқталуы.
- Өкпе туберкулезімен ауратын науқастарда изониазидті қабылдағаннан кейін токсиндік реакция байқалады.
- Европалықтардың 40% жуығы фенилтиокарбамидтің ащы дәмін сезуге қабілетсіз.  
1 – аномальды ацетилтрансфераза  
2 – каталазаның тапшылығы  
3 – глюкозо-6-фосфатдегидрогеназаның тапшылығы  
4 – аномальды псевдохоллинэстераза  
5 – тирозиназаның тапшылығы.

8.4. Жапон қызының жұтқыншақ-ауыз қуысының слемейлі қабығының некрозын емдеу барысында Такагара отоларингологы акаталаземия ауруын кездейсоқ ашты. Слемейлі қабығын сутегінің асқын тотығымен шайыу барысында оның көбіктенуінің орнына қан қоңыр түске боялды. Соңында акаталаземиямен ауратын аурулардың қанында каталаза ферментінің мүлдем болмайтындығы анықталынды. Белгі аутосомды-рецессивті түрде тұқым қуалайды. Несебептен сутегінің асқын тотығымен жараны емдеу тиімсіз екендігін яғни препараттың әсерінің байқалмайтындығын түсіндіріңдер және ауру қыздың генотипі қандай ?

8.5. Хирургияда бұлшық ет релакциясы үшін дитилин препараты қолданылады, қалыпты жағдайда тыныс алуды 2-3 минутқа (апноэ) тоқтатады. Кейбір науқастарға диетилин енгізу тыныс алуды 1 сағатқа не оданда көп уақытқа тоқтатады. Бұл уақыт аралығында ауруға өкпе вентиляциясын жасау арқылы ғана аман алып қалуға болады. Мұндай жағымсыз реакция қандай ферменттің тапшылығынан екенін түсіндіріңіз және дитилинге сезімталдықтың тұқым қуалау типі қандай екендігін анықтаңыз?

## 8. 2. Бақылау сұрақтары:

8.2.1. Дәрі метаболизмнің моногенді бақылануы.

8.2.2. Дәрі метаболизмнің полигенді бақылануы.

Тақырып бойынша үш тілде түсіндірме сөздер:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Фармакогеника-ағзаның дәрі-дәрмектердің әсеріне	Фармакогенетика-научное направление, изучающее	Pharmacogenetics-scientific field that studies genetic control the

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

жауап қайтаруындағы генетикалық бақылауды зерттейтін ғылыми бағыт	генетический контроль ответа организма на лекарственные препараты	body's response to drug slekarvennyye
<b>Парадоксальды реакция</b> – дәрінің әсер ету механизмінің күтпеген асқынулар типі	<b>Парадоксальными</b> реакциями на лекарство, включающими совсем другие типы осложнений, чем это следовало бы ожидать, исходя из механизмов действия лекарства.	<b>Paradoxical reactions</b> to the drug, which include completely different types of complications than would be expected based on the mechanism of action of the drug.
<b>Толеранттылық</b> – дәрілік препараттардың фармакологиялық әсерінің төмендеуі. Ағзаға үздіксіз дәрілік препараттың түсу салдарынан туындайтын бейімділік	<b>Толерантность</b> – это уменьшение фармакологического эффекта лекарственных препаратов. Она возникает, вследствие приспособления к непрерывному поступлению препарата в организм.	<b>Tolerance</b> - a decrease in their pharmacological effects. It occurs as a result of adaptation to the continuous flow of the drug into the body.
<b>Фармакогеномика</b> – фармакогенетика және фармакогеномиканың бір саласы, әрбір адамның генетикалық вариацияларына сәйкес дәрілік заттарға жауап қайтару реакциясы	<b>Фармакогеномика</b> — отрасль фармацевтики и фармакологии, которая исследует влияние генетической вариации каждого человека в его ответе на лекарственное средство.	<b>Pharmacogenomics</b> - the branch of Pharmacy and Pharmacology, which explores the influence of genetic variations in each person, in his response to the drug.



## № 8 сабақ

### 1. Тақырыбы: «Жалпы генетика негіздері» тарау бойынша аралық бақылау

**2. Мақсаты:** студенттердің жалпы және медициналық генетикадан білімдері мен түсініктерінің деңгейлерін, денсаулық сақтауда және заманауи медицинасындағы жалпы генетиканың маңызын және рөлін анықтау.

### 3. Оқыту мақсаты:

- студенттердің жалпы генетиканың мақсаты мен міндеттері, денсаулық сақтау және заманауи медицинасындағы рөлін, маңызын және алатын орыны жайлы түсініктерін анықтау;
- өткен материалдың жеке тараулары бойынша студенттердің білім деңгейлерін және түсініктерін бағалау;
- студенттердің адамның белгілерінің (аурулардың) тұқым қуалау типтерін ажырата білуін анықтау;

### 4. Өткізу түрі: кесте толтыру, сызбаларды салу.

### 5. Тақырып бойынша тапсырмалар:

- 5.1. Генетика – тұқымқуалаушылық және өзгергіштік туралы ғылым, пәні, міндеттері және әдістері. Генетиканың негізгі ұғымдары және түсініктері. Генетиканың медицинадағы маңызы.
- 5.2. Г. Мендельдің заңдылықтары.
- 5.3. Тұқымқуалау типтері.  
және олардың цитологиялық негіздері.
- 5.4. Адамның менделденетін белгілері. Менделдену жағдайлары.
- 5.5. Тіркес туралы түсінік, тіркесу топтары.
- 5.6. Тіркес тұқым қуалау.
- 5.7. Кроссинговер – механизмдері, эволюциялық маңызы.
- 5.8. Гендерді карталау – әдістері, маңызы.
- 5.9. Тұқымқуалаушылықтың хромосомалық теориясы, негізгі қағидалары.
- 5.10. Генотип, фенотип: анықтамасы, өзара әсері.
- 5.11. Аллельді гендердің өзара әсерлесуі: рецессивтілік, толымсыз доминанттылық, аса жоғарғы доминанттылық, кодоминанттылық.
- 5.12. Көптік аллельдер. Қан топтарының генетикасы. Медициналық маңызы.
- 5.13. Аллельді емес гендердің өзара әсерлесуі: комплементарлық, эпистаз, полимерия.
- 5.14. Пенетранттылық, экспрессивтілік. Плейотропия.
- 5.15. Фенокопия, генокопия.
- 5.16. Онтогенез: анықтамасы, типтері, кезеңдері.
- 5.17. Онтогенездің алғашқы этаптары: гаметогенез, ұрықтану, жұмыртқа

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАФЕДРАСЫ  
ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОӘК

---

жасушасының полярлылығы, ооплазматикалық сегрегация, позициялық ақпарат, детерминация, дифференциация, эмбрионалдық индукция.

- 5.18. Онтогенездің жасушалық механизмдері.
- 5.19. Гендердің дифференциалді белсенділігі.
- 5.20. Гомеозистік гендер . Адамның гомеобокс гендері және тұқымқуалайтын аурулар.
- 5.21. Дамудың қатерлі кезеңдері.
- 5.22. Тератогендік факторлар, тератогенез.
- 5.23. Дамудың туа біткен ақаулары (ДТБА): анықтамасы, жіктелуі, қалыптасуының цитогенетикалық механизмдері.
- 5.24. ДТБА-ға диагноз қою және алдын алу.
- 5.25. Популяция, анықтамасы, популяцияның сипаттамалары.
